1. Терминологиялық сөздік жазу қажет: құқық, құқық принциптері және құқық функциясы. әлеуметтік норма, техникалық норма, құқық нормасы, морал нормасы, қоғамдық бірлестіктердің нормасы, діни норма, гипотеза, диспозиция, санкция.

2. Конституциясының 4 бабын (әрекет етуші құқық)

3. Рефераттар дайындау:

- нормативтік көзқарас құқық түсінігі.

- социологиялық құқық түсіну

- психологиялық құқық түсінігі.

4. Қазақстан Республикасы Конституциясынан және ҚК АК баптарындағы құқық нормалары құрылымын анықтау қажет; Қылмыстық кодекс.

5. Құқық нормасымен нормативті акті арақатынасын анықтау қажет.

Қолданылуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 1, 2-24, 25-35, 43, 48, 50, 51, 73-74, 76-78, 80-88, 110-112, 160-168, 175-181.

Тақырып № 4. Антика кезеңіндегі мемлекеттік-құқықтық жүйе.

Дәріс – 1 сағат

Дәріс жоспары:

1. Афин мемлекеті және құқығы.

2. Спарта мемлекеті және құқығы.

3. Ежелгі Рим мемлекеті және құқығы.

Дәріс тезисі:

Б.э.д. VІІІ — VІІ ғ.ғ.-да Грецияда рулық құрылым жойылып, құлиеленушілік қоғам мен мемлекет қалыптаса бастаған. Греция біртұтас мемлекет болмаған және мұнда бірдей халықтар өмір сүрмеген. Ол дербес қала

— мемлекеттер — полистерден құралған. Ежелгі Грецияның құлиеленушілік қоғамына тән негізгі мемлекеттердің қатарынан Афины мен Спартаны атауға болады.

Ежелгі Греция полисындағы - басқа да мемлекеттердің ерекшеліктері. Спарта. Ликургтің реформалары. Аристократиялық құлиеленуші республиканың мемлекеттік құрылысының ерекшеліктері.

Рим мемлекетінің құрылуы. Сервий Туллий реформалары. Аристократиялық республиканың құрылуы. Халықтың құқықтық жағдайы. Республика кезеңіндегі саяси құрылыс. Әскер, сот, полиция қызметі.

Б.д.д. II-I ғ.ғ. Римдегі таптық күрестің шиеленісуі. Империяға өту. Принципат. Доминат. Империя кезеңіндегі Ежелгі Римнің мемлекеттік құрылысы. Мемлекеттік аппараттағы өзгерістер, әскер және полиция. Рим империясының құлау себептері.

Спартиаттардың ұйымдасуы рулық сипатта болған. Барлық спартиаттар үш рулық филге бөлінген, әрбір фил — он «обаға», әрбір оба — он триакидке бөлінген. Спартада қанаушы тапқа илоттар — жауланған аумақтардың бас иген тұрғындары мен пәриектер — жеке бостандығы бар, бірақ саяси құқықтарды иеленбейтін және Спартаға төлем төлейтін тұрғындар жатқан.

Спартада мемлекеттік биліктің келесі органдары болған.

1. Халық жиналысы — апелла, ол герусияның ұсыныстарын қабылдаған немесе олардан бас тартқан.

2. Герусия — ақсақалдар кеңесі, 30 геронттан құралған, олардың ішіне екі патша — базиливстер («архагеттер») енген. бұл Спартаның мемлекеттік құрылымының өзіндік ерекшелігі. Архагеттер герусияға бағынған және оның келісімінсіз ешбір маңызды шешімді қабылдай алмаған.

3. Эфарат — архагеттер мен герусияны бақылау функциясын жүзеге асыратын бес адамнан құрылған комиссия.

Спартадағы құқықтың негізгі қайнар көзі ретралар табылған. Бұл — Ликург патша шығарған Спартаның негізгі заңдары. Олардың ішінде ең маңыздысы — «Ликург ретрасы».

Афина мемлекеті және құқығы. Афины мемлекетінің пайда болуы — б.э.д. VI ғ. аяқталған ұзақ процесс. Оның алғашқы кезеңі ретінде басивелс Тесейдің реформаларын атауға болады, ол синойкизм деп аталатын төрт тайпаның бірлестігін ұйымдастырған және Афинының еркін халқын сословиелерге бөлген: эвпатридтер — ақсүйектер, геоморлар — жер өңдеушілер, демиургтер — қолөнершілер және феттер — кедейлер.

Афина мемлекетінің басты билік органдары - халық жиналысы, бесжүздіктер кеңесі, ареопаг, гелиэя, стратегтер, архонттар комиссиясы, болды. Афина мемлекетінің басты билік органы халық жиналысы - эклексия.

Афинадағы мемлекеттің пайда болуы.

Грекия Балкан түбегі мен Кіші Азияның батыс жағалауында орналасқан. Грекияның өзі Фракия мен Македониядан оңтүстікке қарай созылып жатыр. Грекия үшке бөлінеді: Солтүстік, Орталық және Оңтүстік

Грекия немесе Пелопонесс. Грекия аймақтары тау тізбектерімен бөлінеді. Афины қаласы теңізден 5 шақырым ғана қашықтықта орналасқан, теңіз қарақшыларынан сенімді жасырылып, сыртқы қауіптен қорғануы қам-тамасыз етілген болатын.

Тезей реформалары. Бүкіл Афин халқын біріктірген Тезей деген базилевс, ол барлық белгілі рулардың басын қосты. Тезейдің саясаты "синой-кизм" деген терминмен аталды, бұл сөз "біріктіру" деген мағынаны білдіреді. Гректердің төрт руының қосылуына объективтік себептері бар. Оңтүстіктен гректерге дорийцтардың соғыс ашу қаупі төнген еді. Тезейдің 2 реформасынан бұрын Афины қалаларын басқару өз бетінше жүргізілді, тек соғыс уақытында болмаса, барлығының бас қосуы сирек болатын. Бүкіл Аттиканың бірлесуі XI-X ғасырлар. Жаңа бірлескен өкіметтің басында рулардың ақсүйектері тұрды.

Халық жиналысы Солон реформаларының нәтижесінде Аттиканың өмірінде бұрынғыдан әлдеқайда белсенді рөл атқара бастады. Онда ағымдағы саяси мәселелер талқыланып, архонттар және басқа да жоғарғы қызмет адамдары сайланатын. Кейін олардың бәрі өз жұмысы жөнінде жиналыс алдында есеп беретін болды. Халық жиналысына азаматтардың бәрі де қатынасты.

Тұтас алғанда Солонның реформалары белгілі дәрежеде компромистік реформалар еді. Ол ареопагқа оның заң шығару және бақылау функцияларын қалдырды, Аттиканың ескі ру-тайпаға бөлінуіне, төрт рулық тайпаға филиаға бөлінуіне тиген жоқ. Ал оның бер жағында Аттикада аумақтық ру-тайпаға бөліну принципі Солонның реформасына дейін-ақ бұзылған болатын. Барлық халықтан соғыс кемелерін жасауға қаржы жинау үшін Аттика 48 навкария деген округтерге бөлінді. Солон реформаларының Аттиканың онан әрі әлеуметтік, нарықтық және саяси өркендеп дамуында орасан зор маңызы болды.

Клисфеннің реформалары. Б. д. дейінгі 509 жылы Клисфен (Алкмеонир руынан) реформалар жасауға кірісті. Оның бұл реформалары ру-тайпа қатынастарының қалдықтары мен сарқыншақтарын толық жойды және Афинада құлиеленушілік демократия жүйесін қалыптастырды.

Афины тұрғындарының құқықтық жағдайы. Грек қоғамы үш әлеуметтік топтан құрылды: құлдар, азаматтар, билік иегерлері. Құлдардың қайнар көзі - соғыс, қарақшылық және құл саудасы: 1) әскери тұтқындар мен қолға түскен бейбіт тұрғындар, 2) Фракия және скиф ақсүйектерінің өз қандастарын сатуы, 3) құлдардың өзара көбейуі.

Құлдар құқықтың субъектісі емес объектісі болып табылған. Яғни құлдар жанды құралдар санатына жатқызылған. Іскер құлдарды қожайыны қолдап, жеке кішігірім шеберхана ашып беретін. Бұл жағдайда құл кейбір заңды мәмілелерді жасайтын болғандықтан, белгілі бір құқыққабилеттілікке ие болған.

Құлдарды босату, еркіндікке жіберу мүмкіндігі бар. Бірақта олар азаматтыққа ие бола алмайды тек «бөтендер» деген санатқа қосылады. Еркіндікке босатылған құлдар бұрынғы қожайынына, яғни патронына толық тәуелді және оның рұхсатымен қана үйленетін немесе өлер өлгенше оған

қызмет атқарады. Олар өлгенде ұрпағы, яғни балалары болмаса оның мүлкі қожайынына қалады.

Меншік құқығы. Б.з.д. V ғасырда Афины азаматтары арасында жеке меншіктің саны көбейген. Афиныда меншік мемлекет тарапынан берген игілік көзі ретінде есептелген. Ірі жер иегерлері мемлекетке пайдалы салық (литургии) төлеп отырған.

Афины құқығында бөтеннің мүлкіне деген құқық болған. Жер иеленуші өз жерін 20 метрге дейін қазып су көзін таба алмаса, көршісінің үйінен күнінде екі рет белгілі мөлшерде су ала алады.

Афин құқығында шарттардың келесі түрлері болды: сауда-саттық, жалдау, серіктестік, тапсырма, жеке жалдамалық және т. б. Деликтіден туындайтын міндеттемелер болған.

Неке және отбасылық құқық. Ежелгі Грекияның әйел адамдары бала күнінде әкесінің билігінде, тұрмыс құрған соң күйеуінің билігінде болған және әрекетқабілеттілігі жоқ деп саналған. Неке құру кезінде қыздың келісімі есептелінбеген, яғни ата-анасының қабылдаған шешімі заңды болып саналған. Қызға дүние берілген, егер ажырасқан жағдайда өзімен бірге қайтарылатын немесе өліп қалса әкесіне қайтарып беретін.

Қайтыс болған адамның мүлкі оның отбасына және жақын туыстарына қалдырылған. Ереже бойынша әйелін мұрагерлер тізімінен алып тастаған.

XII кесте заңдары Рим құқығының негізгі қайнар көзі болды. Бұл заңдарды әрбір азамат білуге міндетті болды.

Қылмыстық құқық. XII кестеде қылмыстық жазаланатын әрекеттердің шағын ғана тізімі берілген. Ең алдымен қылмыстық әрекет болып мемлекетке және қоғамдық құрылысқа қарсы бағытталған әрекет болып табылады. Жоғарыда айтылғандай көптеген заңбұзушылық әрекеттер қылмыстық деп топтастырылмай, азаматтық-құқықтық деликт ретінде қарастырылған.

Рим жеке құқығы өзінің қалыптасу саиысында үш сатыны басынан кешірген. Олар бірінші саты классикалық рим құқығына дейінгі дәуір, ежелгі уақыттан б.д. I ғасыр аралығын қамтиды. Бұл дәуірдегі қоғамдық қатынастар патриархаттық нормалармен реттелген. Екінші кезең классикалық рим құқығы дәуірі, б.д. I ғасырынан б.д. III ғасырлар аралығын береді. Бұл кезең Рим империясының дәуірлеу кезеңі болып табылады. Үшінші кезең абсолюттік монархия кезеңі, б.д. III ғасырынан бастап б.д. VI ғасырымен аяқталады. Бұл кезеңде Рим мемлекеті нормаларын жүйелеу мен кодификациялау жұмыстарыкеңінен жүзеге асырылған.

Рим – алғашқыда Ежелгі Италиядағы қауым, кейін бүкіл Аппенин түбегін өзіне қаратқан құл иеленуші қала – мемлекет, ең ақырында Европаның бірсыпыра бөлігін, Солт. Африканың теңіз жағалауларын, Египетті, Кіші Азияны, Сирияны құрамына қосып алған Жерорта теңізі бойындағы құл иеленуші мемлекет. Ұзақ уақыт бойы Рим қаласы Палатиндегі ежелгі қоныстан өсті деп есептеліп келді. Бірақ соңғы кездерде көптеген зерттеушілер қала төбелердегі бекіністі қоныстардың бір – біріне қосылуы нәтижесінде пайда болған деген тоқтамға келді. Археологтар Рим форумы осы қоныстардың ортақ

орталығы ретінде 6 ғ – дың алғашқы он жылдығында пайда болды деп есептейді. Археологиялық материалдар рим территориясын мекендеген халықтардың этникалық әр текті болғаны туралы аңызды да дәлелдеді. Аңыздарға қарағанда, 8 – 6 ғ. басында Римді бірінен соң бірі жеті патша: Ромул Нума, Помпилий Тулл, Гостилий, Анк Маркций, Тарквиний Приск, Сервий Туллий және Тэкаппар Тарквини билеген. Соңғы үшеуі – 7 ғ – дан 510/509 жылға дейін Римде үстем болған этрус әулетінің өкілдері. Қоғамдық топтар мен мемлекеттік аппараттың қалыптасуы патшалық кезеңнің ақырында аяқталғанымен рулық құрылыс ұзақ уақыт бойы сақталды. «Рим халқы», яғни Римнің толық құқылы тұрғындары руларға, куриялар мен трибтарға бөлінді. Алғашқыда «Рим халқына», шамасы, патрицийлер ғана жатқан. Ал Римнің рулық ұйымынан тыс тұрғындар плейбейлер деп аталды. Плейбейлердің патрицийлермен теңсіздігі және патрицийлердің өзара мүліктік және әлеуметтік жіктелуі Римде әлеуметтік қатынастардың ерекше нысаны – *клиентеланы* туғызды. Куриялар бойынша өткізілген халық жиналыстарына патрицийлер ғана қатысты.

II ғ. ортасында Римде антагонистік екі тап – құлдар мен құл иеленушілер түпкілікті қалыптасты. Олардың арасындағы шиеленісе түскен алауыздықтар құлдардың ірі – ірі көтерілістерін туғызды. Қала мен село плебстерінің саяси белсенділігі артты. Римнің қала – мемлекеттен аса ірі мемлекетке айналуы полистық ұйымды дағдарысқа ұшыратты. 138 – 132 ж. құлдардың I – Сицилия көтерілісі бұрқ етті. Көтеріліс нәтижесінде азаттық алған құлдар өз мемлекетін құруға әрекет жасады. Рим әскерінің күшімен басылған көтеріліс 104 – 99 ж. тағы да қайталанды. Бұл қозғалыстарға Жерорта теңізінің шығыс жақ бойындағы құлдар үн қатты. Ірі жер иеленушілік, шаруалардың қайыршылық күйі село плебстерінің арасында революциялық қозғалысты кең өрістетті, Рим көшелерінде алғашқы азамат соғысы басталды. II ғ. 30 – 20 жылдарында ағайынды Гракхтардың демократиялық реформаларын жүзеге асыру жолындағы күрес күшейді. 91 ж. халық трибуны Ливий Друз Г. Гракхтың италиктерге құқық беру туралы ұсынысын қайта көтерді. Бұл заң жобасының сенатта қабылданбауы, Друздың өлтірілуі Одақтастар соғысына (б.з.б. 90 – 88) – Римге қарсы жалпы италиялық көтеріліске түрткі болды. Римдіктер жеңіске жеткенімен, италиктерге кейбір азаматтық құқықтар беруге, іс жүзінде Италияның барлық тұрғындарын Рим азаматтық қауымының құрамына енгізуге мәжбүр болды. Б. з. б. II ғ. соңғы ширегінде қалыптасқан Римдегі негізгі екі идеялық – саяси ағым – популярлар мен оптиматтар арасындағы күрес шиеленісе түсті.

Рим мемлекеті әлемді мынандай үш затпен жаулаған олар: христиан діні, әскери легиондары және заңдарымен. Рим құқығы – бұл Ежелгі Римдегі құлиеленушілік жүйесін құқықтық реттеудің «принцепат» дәуірінде дамыған шынайы тарихи көрінісі. Рим құқығы екі бөліктен тұрады: жария және жеке

құқықтан Жария құқығы тараптардың арасындағы міндетті өзара билік жүргізу негізіндегі қатынастарды құқықтық реттеуші нормалардан тұрған. Ал жеке құқық тараптардың теңдігіне негізделген мүліктік қатынастарды реттеуге арналған.

Рим құқығы мынандай негізгі институттардан тұрған:

Ежелгі Римдегі тұлғаның құқықтық статусы;

Ежелгі Римдегі неке және отбасы қатынастары;

Ежелгі Римдегі заттық құқық;

Ежелгі Римдегі міндеттемелік құқық;

Ежелгі Римдегі мұрагерлік қатынастар

Рим құқығының жүйесі – дегеніміз рим жеке құқығы нормаларының белгілі бір топтарға бөліну тәртібі. Теориялық тұрғыда рим құқықтық нормалар жүйесін екі топқа бөледі, олар: пандектілік және институционалдық. Пандектілік топқа: заттық құқық, міндеттемелік құқық, неке және отбасылық құқық, мұрагерлік құқық бөлімдерінен тұрады, ал институционалдық топ: құқық субъектілері, заттық құқық, міндеттемелік құқық және мұрагерлік құқықтан тұрады.

Қолданылуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 1, 25-35, 76-78, 147, 148, 149-159.

Тақырып № 4. Антика кезеңіндегі мемлекеттік-құқықтық жүйе.

Семинар — 2 сағат

Жоспар:

1. Б.э.д. VI-V ғасырлардағы Афина мемлекетінің мемлекеттік-саяси дамуы. Солон және Клисфен Реформалары
2. Спарта мемлекеттік жүйесінің ерекшеліктері.
3. Рим құл иеленушілік мемлекетінің қалыптасуы және оның дамуының негізгі кезеңдері. Рим құл иеленушілік құқығы институты және қайнар көздері.

Қолданылуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 1, 25-35, 76-78, 147, 148, 149-159.

Тақырып № 4. Антика кезеңіндегі мемлекеттік-құқықтық жүйе.

МОӨЖ– 2 сағат

Жоспар:

1. Кесте құру. Афин мемлекетінің қалыптасу кезеңдері

Реформа авторы	Реформа мазмұны
----------------	-----------------

Тесей Реформасы	
Солон Реформасы	
Клисфен Реформасы	
Эфиальт и Перикл Реформасы	

2. Афин мен Спартаның мемлекеттік жүйесіне сұлба сызу.

Қолданылуға ұсылатын әдебиеттер тізімі: 1, 25-35, 76-78, 147, 148, 149-159.

Тақырып № 4. Антика кезеңіндегі мемлекеттік-құқықтық жүйе.

МӨЖ – 4 сағат

Жоспар:

Реферат дайындау :

1. Полис ежелгі мемлекеттіліктің нысаны ретінде
2. Афина мемлекеті демократия эталоны ретінде
3. Спарта: тарихы мен ерекшеліктері

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР:

Осы тақырыпты зерттеу барысында, Афинадағы мемлекеттің тайпалық жүйенің ыдырауы нәтижесінде пайда болған мемлекет –қалалар «полис» нысандары ретінде болғанан атап өту керек. Афинада халықтың әлеуметтік тәртібін және құқықтық мәртебесін қарастыру қажет. Магистранттар Solon және Cleisthenes реформаларының мазмұнын ашып, оларға тиісті бағалауды (VI-V ғғ.) жүзеге асыру керек.

Афиналық қоғамды одан әрі демократияландыру мәселелерін зерделеу үшін Эфиалт пен Перихл (б.з.д. 5 ғасырдың ортасында) реформаларын егжей-тегжейлі зерделеу қажет.

Екінші сұрақты зерттегенде Спарта мемлекеттік жүйесінің ерекшеліктері, ұлттық жиналыс, эфлердің басқармасы, халықтың әр түрлі топтарының құқықтық мәртебесі қарастырылады.

Рим мемлекетінің тарихы республикадан империяға көшті. Рим дамуының кезеңдерін ескере отырып, Рим мемлекетінің қалыптасуының бастапқы кезеңі - Сервус Туллийс реформаларынан басталуы және Роман Республикасының саяси жүйесі мен орталық органдарын - Сенат, халықтық ассамблеяларды, магистратураларды ашып көрсету керек.

Қолданылуға ұсылатын әдебиеттер тізімі: 1, 25-35, 76-78, 147, 148, 149-159.

Тақырып № 5. Мемлекет нысаны ұғымы мәселелері.

Дәріс -1сағат

Дәріс жоспары:

1. Мемлекет нысаны ұғымы саяси-құқықтық тұжырым тұрғысынан.
2. Мемлекетті басқару нысаны және оның түрлері.
3. Мемлекет нысанының құрылымы және оның әр түрлілігі.
4. Мемлекеттік (саяси) тәртіп және оның түрлері.

Дәріс тезисі:

Мемлекет нысаны түсінігі мемлекеттану сипаттарының ішіндегі негізгілерінің бірі болып табылады. Қазіргі уақытта мемлекет нысаны ретінде мемлекеттік билік пен оның құрылымдарының ұйымдастырылуы түсіндіріледі. Мемлекет нысаны мемлекет мазмұнымен тығыз байланыста сипатталады. Егер мемлекет мазмұны мемлекеттік билікті кімнің жүзеге асырып жатқанына жауап берсе, ал мемлекет нысаны мемлекетте билік қалай ұйымдастырылып, қандай органдармен жүзеге асырылады, олардың құрылу тәртібі және өкілеттік мерзімдері жайында, сондай-ақ жалпы мемлекеттік биліктің жүзеге асырылу тәсілдері туралы сұрақтарды қарастырады. Мемлекет нысаны – басқару нысанынан, мемлекеттік құрылым нысанынан және саяси режимнен құралатын мемлекеттің ерекшелігі.

Мемлекет нысаны мемлекеттік биліктің құрылымы мәндік жағынан әртүрлі сипаттармен анықталады: мемлекеттік билік пен басқару органдарының құрылу және ұйымдастырылу тәртібі; мемлекеттің аумақтық құрылымының тәртібі, орталық, аймақтық және жергілікті биліктің өзара қатынасының белгілі тәртібі; – мемлекеттік билікті жүзеге асырудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы. Сонымен, мемлекет нысаны үш негізгі элементтен құралады: - басқару нысаны; - мемлекеттік құрылым нысаны; - саяси режим.

Басқару нысаны – жоғарғы мемлекеттік билікті ұйымдастыру, оның жоғарғы және орталық органдардың ерекшеліктері, олардың құрылымы, құзіреті, ұйымдастырылу тәртібі, өкілеттілігінің деңгейі, халықпен өзара қатынасы және олардың оны қалыптастыруға қатысу дәрежесі. Жоғарғы мемлекеттік билікті жүзеге асыру бір адаммен немесе сайланбалы алқалы органмен жүзеге асырылатындығына байланысты мемлекетті басқару монархия және республика деп ажыратылады. Монархия – жоғарғы мемлекеттік биліктің бір әулетке мұрагерлік жолымен немесе өмір бақиға сайланып берілуін білдіретін басқару нысанының бір түрі. Оның мынандай белгілері бар: - жоғарғы билік мұрагерлік жолмен беріледі; - шексіз мерзімде жүзеге асырылады; - сайлаушылар еркінен тыс жүзеге асырылады. Монархия екіге бөлінеді: абсолютті монархия (Сауд Аравиясы, Бруней) және конституциялық монархия. Конституциялық монархия екіге бөлінеді: дуалистік монархия және парламенттік монархия. Республика – басқару органдары белгілі бір мерзімге

сайланатын, шешім алқалы түрде қабылданатын басқару нысанының бір түрі. Онда биліктің жалғыз қайнар көзі халық болып табылады. Жалпы белгілері: - бір немесе алқалы түрдегі мемлекет басшысының болуы; - мемлекет басшысы және басқа да жоғарғы мемлекеттік билік органдарының белгілі мерзімге сайланатындығы; - мемлекет басшысының заңмен қарастырылған жағдайлардағы заңдық жауапкершілігі; - жоғарғы мемлекеттік билік шешімдерінің барлық басқа мемлекеттік органдарға міндеттілігі; - мемлекет азаматтары мүдделерінің басым түрде қорғалуы, тұлға мен мемлекеттің өзара жауаптылығы. Республиканың екі негізгі түрі бар: парламенттік республика және президенттік республика.

Мемлекеттік құрылым нысаны – тұтастай мемлекет пен оның бөлшектерінің белгілі түрдегі құқықтық қатынастарын сипаттайтын мемлекеттің аумақтық ұйымдастырылуы. Мемлекеттік құрылым нысаны бұл мемлекеттің ішкі құрылымын, оның саяси және аймақтық бөлімшелерін сипаттайтын, мемлекеттің барлық органдарының, оның құрамдас бөліктерінің органдарымен анықталған өзара қатынастарын оқшаулайтын мемлекет нысанының элементі. Оның саяси, аймақтық бөліну тәсілі, ол мемлекеттің барлық органдарының құрамдас бөліктерінің органдарымен арақатынасын көрсетеді. Мемлекеттік құрылым нысаны – бұл мемлекеттің аумақтық құрылымы, оның құрамдас бөліктерінің және осы бөліктердің әрбірінің мемлекетпен қарым-қатынасының сипаты. Барлық мемлекеттер өздерінің мемлекеттік құрылымы бойынша жай және күрделі болып екіге бөлінеді.

Жай немесе біртұтас (унитарлы) мемлекет – бұл өз ішінде бөлінбейтін тұтас мемлекет, оның өз ішінде дербес мемлекеттік құрылымдар болмайды, бұл мемлекетте жоғары органдардың біртұтас жүйесі, заңнаманың ортақ жүйесі, ортақ сот жүйесі, ортақ азаматтығы мен салықтардың бірыңғай жүйесі болады. Унитарлы мемлекет қарапайым, біртұтас мемлекет, бөліктері әкімшілік-аймақтық бірлік болатын және мемлекеттік егемендік құқықтарға ие емес, біртұтас жоғары органдар жүйесі және біртұтас заңнама жүйесі бар мемлекет болып табылады. Күрделі мемлекет – бұл белгілі бір дәрежедегі дербестікке ие жекелеген мемлекеттік құрылымдардан құралған мемлекет. Олар: федерациялар, конфедерациялар, империялар, достастықтар және одақтастықтар жатады.

Мемлекет нысанының соңғы элементі – **саяси режим**. Ол басқару және мемлекеттік құрылым нысандары сияқты мемлекеттің мәндік-мазмұндық жағы көрінетін, мемлекет құрылымын және оның басқа да сыртқы жағын сипаттайтын жиынтық түсінік ретіндегі мемлекет нысанының бір компоненті болып табылады. Мемлекеттің билік ету әдістерін зерттей отырып, жеке тұлғаның нақты мәртебесі туралы және мемлекеттегі басқа субъектілердің қарым-қатынасы, олардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдік және қамтамасыз етілушілік деңгейі туралы түсінік алуымызға болады.

Тар ауқымдағы анықтамасы: мемлекеттік билікті жүзеге асыру тәсілдері мен әдістерінің жиынтығы, оның мазмұндық қасиеті. Кең ауқымдағы

анықтамасы: демократиялық, құқықтық мемлекетте жеке тұлғаның саяси бостандықтарының кепілдік дәрежесі, ресми конституциялық және құқықтық үлгілерінің саяси жағдайларға сәйкес келу дәрежесі, билік органдарының мемлекет және қоғамдық өмірдің құқықтық негіздеріне қатынасының сипаты. Саяси режим демократиялық және демократияға қарсы болып екі түрге бөлінеді. Демократиялық режим – халықтың басқаруға қатысуына, барлық адамдардың теңдігі мен бостандығы қағидасын тануға негізделген либералдық режимнің бір түрі. Демократияға қарсы режим авторитарлық және тоталитарлық режимдерге бөлінеді. Авторитарлық режим – халықтың аздаған мөлшерде қатысуымен бір адамның бақылаусыз толық билік жүргізуін білдіретін қоғамның мемлекеттік-саяси құрылымы.

Қолданылуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 1-18; 25-35; 40-49, 64, 80, 81-89, 121-134, 160-168, 169-182.

Тақырып № 5. Мемлекет нысаны ұғымы мәселелері.

Семинар — 1сағат

Жоспар

1. Мемлекет нысаны ұғымы және оның элементтері.
2. Мемлекетті басқару нысаны және оның түрлері.
3. Мемлекет нысанының құрылымы және оның әр түрлілігі.
4. Мемлекеттік (саяси) тәртіп және оның түрлері.

Әдістемелік ұсыныс:

Бірінші сұрақ бойынша курсанттардың қажетті ұғынатын жайт, қоғамды басқару, мемлекеттік құрылым және саяси режим нысандарынан құралған, елдегі мемлекеттік билікті ұйымдастырудың түрі мемлекет нысанына баса назар аударылуы керек. Оның элементтерінің ара жігін ажыратып, маңызы мен орнын білу қажет.

Екінші сұрақ бойынша мұнда жоғарғы мемлекеттік органдардың құрылуы мен ұйымдасуының тәртібі, олардың бір-бірімен және тұрғындармен ара қатынасы сипаттау керек. Басқару нысаны ерекшеліктеріне таптық күштердің, билікте отырған әлеуметтік өкілдердің қарым-қатынасы, тұрғындардың ұлттық құрамы, мәдениет және салт дәстүр деңгейі қалай әсерін тигізетінін айту қажет. Мемлекет нысанының ерекшелігіне байланысты монархиялық және республикалық бөліну себептерін талдау абзал.

Үшінші сұрақ бойынша мемлекеттің құрылым нысаны мен оның әртүрлілігі тұжырымдамасын қарастырып, мысалдар келтіріңіз. Біртұтас, федеративті және конфедеративтік мемлекет арасындағы айқын айырмашылықтарды анықтау қажет. ТМД және кеден одағы мемлекеттік құрылымның қандай нысанына жатады, ойлап көріңіз?

Төртінші сұрақ бойынша саяси режим нысаны мен оның түрлері тұжырымдамасын қарастырып, мысалдар келтіріңіз.

Магистрант мемлекеттің нақты нысаны бойынша мемлекеттің тарихи типтеріне назар аудару керек. Сонымен қатар, ол басқа факторларға байланысты, мысалы:

1. Қоғамның экономикалық даму деңгейі;
2. Таптық күш ара қатынасы;
3. Ұлттық және мәдениетті салт-дәстүріне;
4. Халықаралық жағдайларға және т.б.

Қолданылуға ұсылатын әдебиеттер тізімі: 1-18; 25-35; 40-49, 64, 80, 81-89, 121-134, 160-168, 169-182.

Тақырып № 5. Мемлекет нысаны ұғымы мәселелері.

МОӨЖ – 2 сағат

МОӨЖ өткізу нысаны: ауызша

Тапсырма:

1. Мемлекет нысанының құрылымы және оның әр түрлілігі.
2. Мемлекеттік (саяси) тәртіп және оның түрлері.

Әдістемелік ұсыныс:

Бірінші сұрақ бойынша мұнда мемлекеттің аумақтық құрылымы, оның құрамдас бөліктерінің және осы бөліктердің әрбірінің мемлекетпен қарым-қатынасының сипатын анықтау керек. Барлық мемлекеттер өздерінің мемлекеттік құрылымы бойынша жай немесе біртұтас (унитарлы) мемлекет – бұл өз ішінде бөлінбейтін тұтас мемлекет, оның өз ішінде дербес мемлекеттік құрылымдар болмайды, бұл мемлекетте жоғары органдардың біртұтас жүйесі, заңнаманың ортақ жүйесі, ортақ сот жүйесі, ортақ азаматтығы мен салықтардың бірыңғай жүйесі, ал, күрделі мемлекет – бұл белгілі бір дәрежедегі дербестікке ие жекелеген мемлекеттік құрылымдардан құралған мемлекет: империялар, федерациялар, конфедерациялар, достастықтар және одақтастықтардың мән-мағынасы мен айырмашылықтарын көрсету қажет.

Екінші сұрақ бойынша мұнда мемлекеттік билікті жүзеге асыруға жәрдемдесетін тәсілдер мен әдістер жиынтығына қарай екі түрлі

демократиялық режим (барлық биліктік органдар халықтың мандатына ие болып, әрбір органға тиесілі биліктің көлемінің шектері заңмен анықталады, барлық азаматтар сотпен қорғалатын ажырамас құқықтар мен бостандық-тарға қол жеткізсе, антидемократиялық режимде мемлекет қоғам өмірінің барлық саласына бақылау жасайды, адамды саяси билікке және үстемдік етуші идеологияға бағындыратынын білу қажет. Мына төмендегідей мәні бар ұғымдарға:

Қолданылуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 1-18; 25-35; 40-49, 64, 80, 81-89, 121-134, 160-168, 169-182.

Тақырып № 5. Мемлекет нысаны ұғымы мәселелері.

МӨЖ – 3 сағат

Тапсырма: кесте толтыру қажет

Мемлекет атауы	Басқару нысаны	Мемлекеттік құрылыс нысаны	Саяси режим
Қазақстан			
Россия			
АҚШ			
Франция			
Жапония			
Қытай			
Украина			

Қолданылуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 1-18; 25-35; 40-49, 64, 80, 81-89, 121-134, 160-168, 169-182.

Тақырып № 6. Буржуазиялық революциялардың мемлекет пен құқықтың дамуындағы рөлі

Семинар — 2 сағат

Жоспар:

1. Буржуазиялық революциялардың мемлекеттің дамуына әсері.
2. Буржуазиялық революция және буржуазиялық құқықтың қалыптасуы.

Қолданылуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 1, 25-35, 76-78, 147, 148, 149-159.

Тақырып № 6. Буржуазиялық революциялардың мемлекет пен құқықтың дамуындағы рөлі

МОӨЖ – 2 сағат

Жазбаша нысанда өтеді: кесте толтыру.

№\№	Мемлекеттік құқықтағы өзгерістер	Құқықтағы өзгерістер
Англия мемлекетінде болған буржуазиялық революция		
Франция мемлекетінде болған буржуазиялық революция		
Германия мемлекетінде болған буржуазиялық революция		
Жапония мемлекетінде болған буржуазиялық революция		
Солтүстік Америкада болған буржуазиялық революция		

Қолданылуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 1, 25-35, 76-78, 147, 148, 149-159.

Тақырып № 6. Буржуазиялық революциялардың мемлекет пен құқықтың дамуындағы рөлі

МӨЖ – 2 сағат

Жоспар:

Тақырып аясында сөздік құрастыру, ұсынылып отырған әдебиеттерді қолдана отырып МОӨЖ-да толтырылған кесте негізінде, мемлекеттерде болған құқықтық өзгерістер аналогиясына сәйкес ерікті түрде кесте толтыру. Әр мемлекеттің конституцияларымен танысу қажет

Қолданылуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 1, 25-35, 76-78, 147, 148, 149-159.

Тақырып № 7. Конституциялық эволюцияның кезеңдері.

Дәріс – 1 сағат

Дәріс жоспары:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының даму кезеңдері
2. Конституциялық Кеңес – Конституцияны қорғау органы. Құрылу тәртібі, құрамы және өкілеттіктері.

Дәріс тезісі:

Конституцияның кез-келген қоғам өміріндегі аса үлкен маңызы, мемлекеттің барлық құқықтық жүйесіндегі ерекше орны конституцияны ғылыми танымның дербес объектісі ретінде жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Әрбір мемлекетте конституциялар өзіндік ерекшелік жолдармен пайда болып, алмасып отырады – бұл құбылыс әрдайым қоғам өміріндегі конституциялық ережелермен бекітілген немесе осы ережелерден туындаған маңызды және көбіне түбірлі өзгерістермен тығыз байланысты. Сондықтан ғылым конституцияның тарихи үдеріс барысына ықпалын аша отырып, тиісті мемлекеттің конституциясының даму тарихына аса үлкен маңыз аударарды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы нормативтік құқықтық актілердің дәл осы түрінің табиғатына тән жалпы, түбірлі белгілерді білдіреді. Барлық мемлекеттердің құқықтық жүйесінде Конституция орны ерекше. Конституцияның болуы – билік институттары заңдылығының, құқықтық тәртіптің және тұрақтылықтың алғы шарты.

Сонымен бірге Конституция – құқықтық акт, негізгі заң.

Конституцияның негізгі заң ретіндегі сипаты келесі белгілерден көрініс береді:

1. Негіз болу сипаты. Конституция ең маңызды деп танылатын қоғамдық қатынастарды реттейді, құқықтық қоғам құру жолында негіз болып табылады.

Конституциялық реттеу жалпы жинақтап, қорыту сипатта болады. Оның мақсаты, біріншіден, қоғамдық қатынастардың ең маңыздысын ашып және оларды бекіту; екіншіден, бұл үшін нормаларды барынша аз мөлшерде қолдану; үшіншіден, осы нормалардың бағыт беруі үшін және ағымды заңдар актілерінде әрі қарай реттелуі үшін таңдап алынған нормаларда қоғамдық қатынастардың мәнін барынша дәл және айқын етіп көрсету.

2. Халықтық сипаты. Негізгі заң халық мүдделеріне қызмет етуі тиіс. Сондықтан да ол халықтың мақсатын кең мөлшерде көрсетіп, оның тірегі болуы керек. Қазақстан Республикасы Конституциясының халықтық сипаты халықтың Негізгі заңды жасауға тікелей қатысуынан да көрінеді.

3. Шынайылық сипаты. Конституцияның шынайылығы – бұл ең алдымен оның өмірдегі болып жатқан қоғамдық қатынастармен сәйкестігі.

4. Тұрақты сипаты. Тұрақтылық – конституциялық нормаларға елеулі өзгерістер енбей, олардың ұзақ әрекет етуі.

Сонымен қатар Конституциялар белгілену тәртібі бойынша октроиленген

және октроиленбеген болып бөлінеді. Октроиленген Конституциялар – бұл монархпен сыйға берілген Конституциялар, октроиленбеген Конституциялар – бұл биліктің жоғарғы заң шығарушы органымен немесе референдуммен қабылданған Конституциялар.

Өзгеру тәсілі бойынша: қатал, бейімделгіш болып бөлінеді. Дағдылы тәртіппен қабылданған Конституциялар - бейімделгіш, күрделі тәртіппен қабылданған Конституциялар – қатал.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы Конституциясы 1995 жылғы 30 тамызда бекітілді. Халықтық дауыс беруге үш миллионнан астам адам қатысты. 30 тамыз бұл күн «Қазақстан Республикасының Конституциясы күні» деп аталады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы тоғыз бөліммен және 98 баптан тұрады. Елдің негізгі заңының мәтіні адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, соның ішінде Президент, Парламент, Үкімет, Конституциялық Кеңес, соттар және сот органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және өзін-өзі басқару органдарының қызметін реттейді.

Жас мемлекеттің күрделі саяси жағдайы негізгі құжатқа көптеген сұрақтар қойды. Осылайша, биліктің заң шығарушы және атқарушы биліктерінің өкілеттіктері шешілмей қалды. Бұған қоса, мемлекеттіліктің табиғаты, мемлекеттік тілдің сұрақтары, жер мен азаматтың жеке меншігі туралы негізгі ережелер қоғамдық пікірталасқа айналды.

Конституцияның негізгі мәтінін қабылдағаннан кейін үш жыл өткен соң, 1998 жылы еліміздің негізгі құжатының мәтіні түзетулер енгізілді. 19 бап толықтырылды және түзетілді. Негізгі өзгерістер Президенттің, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттарының өкілеттіктеріне әсер етті. Мемлекеттік қызметшінің жоғарғы жастағы лимиті жойылды. Пропорционалды өкілділік жүйесі бойынша партиялық тізімдер негізінде сайланған Мәжілістің он депутатына ереже ұсынылды.

2007 жылы Конституция негізгі реформаны күтті. Мемлекеттік және мемлекеттік мекемелерді біріктіруге, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктерді мемлекеттік қаржыландыруға конституциялық тыйым салу негізгі заңнан алынып тасталды.

Конституцияға енгізілген түзетулерге сәйкес, өлім жазасы адам өліміне байланысты террористік қылмыстар үшін ерекше жаза ретінде, сондай-ақ соғыс уақытында жасалған аса ауыр қылмыстар үшін сотталған адамға кешірім жасау құқығын беру арқылы заңмен белгіленеді. Қамауға алу мен ұстауға рұқсатты соттың рұқсатымен ғана рұқсат етіледі. Республика Президентіне арналған конституциялық бөлім үлкен өзгерістерге ұшырады. Атап айтқанда, саяси партияларда Президенттің өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезеңінде қызметін тоқтата тұру туралы ереже алынып тасталды.

Президенттің өкілеттік мерзімі жеті жылдан бес жылға дейін қысқарды, ал мемлекет басшысы соңғы он бес жылда елімізде тұратын Қазақстан азаматы бола алады. Депутаттар Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің

сайлауға екі есе артық шектеулерді таратпау туралы ұсынған түзетуді қабылдады. Конституцияның жаңалығы - саяси партиялардың фракцияларымен және Мәжілістің келісімімен кеңескеннен кейін республиканың премьер-министріне тағайындалу. Президент құратын Қазақстан халқы Ассамблеясының конституциялық мәртебесі шоғырландырылған.

Түзетулерге сәйкес Президент заңнамалық бастамашылық құқығына ие және Парламент қарауына заң жобаларын ұсына алады. Бұдан басқа, Республика Президенті Премьер-Министрмен және Парламент Палаталарының Президенттерімен кеңескеннен кейін Парламенттің немесе Парламент Мәжілісін таратуға құқылы, бірақ Президенттің соңғы жарты жылында, сондай-ақ бір жыл ішінде төтенше немесе соғыс жағдайында таратылмайды. еруі.

Мемлекет басшысын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерінің лауазымдарына тағайындау туралы ереже қосылды. Енді олар тиісті мәслихаттың келісімімен ғана тағайындалуы мүмкін. Қазақстан Республикасы Парламентінің бөлімінде маңызды өзгерістер болмайды. Парламент палаталарының әрқайсысында депутаттар саны артты. Атап айтқанда, Президент тағайындаған Сенат депутаттарының саны жетіден 15-ке дейін ұлғайтылды. Кейбіреулер Қазақстан халқы Ассамблеясымен тиісті консультациялардан кейін тағайындалады.

Парламенттің Мәжілісі өкілдік қағидаттарының элементтері бар пропорционалды жүйеге негізделген жаңа схема бойынша құрылады. Атап айтқанда, Парламент Мәжілісінің жүз жеті депутатының тоқсан сегізі жалпыға бірдей, тең және тікелей сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы сайланады, Қазақстан халқының әртүрлі этникалық топтарын ұсынатын тоғыз депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайды. Парламент депутаттары үшін соңғы он жыл ішінде Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұру сияқты қосымша критерий конституциялық түрде бекітілген. Сонымен қатар, Парламент депутатының кез-келген императивті мандатын болмауы туралы ереже алынып тасталды.

Парламент Парламенттің республикалық бюджеттің орындалуы туралы Үкіметтің есебін мақұлдамаған жағдайда Үкіметке сенімсіздік білдіру құқығын белгілеу. Түзетулерге сәйкес конституциялық заңдар Парламент палаталарының жеке отырысында Парламент Мәжілісінде, содан кейін Сенатта мәселелерді дәйекті түрде қарау арқылы қабылданатын болады. Мемлекет басшысының заң шығару бастамасы бойынша енгізген заң жобалары мемлекеттік кірістердің төмендеуі немесе мемлекеттік шығыстардың ұлғаюы туралы Үкіметтің оң қорытындысын талап етпейді.

Сенаттың айрықша юрисдикциясы қазіргі уақытта Ұлттық Банктің Төрағасын тағайындауға келісім беру туралы мәселелерді, сондай-ақ Парламенттің Мәжілістің уақытша болмауы кезінде заңнамалық актілерді қабылдау кезінде оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуымен байланысты функцияларды орындау мәселелерін қамтиды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағалары лауазымына сайлану және жұмыстан босату

және жергілікті өкілді органдардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату мәселелері Сенаттың құзыретінен шығарылады. Мәжілістің айрықша құзыретіне кіретін мәселелерге Премьер-Министрді тағайындауға келісім беру, Үкіметке сенімсіздік білдіру туралы мәселе жатады.

Конституциялық Кеңесті және Орталық сайлау комиссиясын құру схемасы өзгерді. Парламент палаталарының әрқайсысы басқа палатаның қатысуынсыз өз бетімен Конституциялық Кеңестің екі мүшесін, Орталық сайлау комиссиясының екі мүшесін қызметке тағайындайды. Парламенттің бір министрге сенімсіздік беру процедурасы жеңілдетілді, ал тиісті палата депутаттарының қарапайым көпшілігі сенімсіздікті білдіру үшін жеткілікті болады.

Конституция жергілікті өзін-өзі басқарудың негізі заңға сәйкес өкілетті мемлекеттік функцияларды атқара алатын мәслихаттарға айналады деп белгілейді. Жергілікті өзін-өзі басқарудың тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында мәслихаттардың өкілеттік мерзімі төрт жылдан бес жылға дейін ұлғайтылды. Мәслихаттың әкімге сенімсіздік танытудың жеңілдетілген тәртібі. Бұл әкімге сенімсіздік туралы және оны босату туралы мәселені көтеру туралы шешім қабылдайтын депутаттардың қарапайым көпшілігін талап етеді, тиісінше, Республика Президентіне немесе жоғары тұрған әкімге дейін.

2011 жылдың ақпанында ел президентіне арнайы сайлауды тағайындау және өткізу үшін конституциялық негізді құру үшін Конституцияға өзгерістер енгізілді.

«Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 23 наурыздағы № 238-VI сәйкес, 2-бап 3-тармақ мынадай редакцияда берілсін:

«3. Республиканың әкімшілік-аумақтық құрылысы, оның капиталының мәртебесі заңмен анықталады. Қазақстанның астанасы - Нұр-Сұлтан қаласы»; 3-1-тармақта «Астана» деген сөз «Нұр-Сұлтан» деген сөзбен ауыстырылсын.

1993 жылы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесімен қабылданған Қазақстан Республикасының алғашқы Конституциясы конституциялық бақылау институтын ең жоғары конституциялық деңгейде бекітті. Бұл Конституция бойынша Конституциялық Сот конституциялық қадағалау органы болып табылды.

Қазіргі уақытта 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституцияға және 1995 жылғы 29 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Конституциялық заңына сәйкес Конституциялық Кеңес Республикадағы конституциялық бақылау органы болып табылады.

Жоғарыда аталған Конституциялық заңның 1 бабы Конституциялық Кеңес мәртебесін бекіту барысында Конституциялық Кеңестің мемлекеттік орган ретінде Республиканың бүкіл аумағында Қазақстан Республикасы Конституциясының жоғары тұруын қамтамасыз ететіндігін анықтайды.

Сонымен қатар Конституциялық Кеңестің өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде дербестігі және мемлекеттік органдарға, ұйымдарға, лауазымды адамдар мен азаматтарға тәуелсіздігі, Республика Конституциясына ғана бағынатындығы әрі саяси және өзге себептерді негізге ала алмайтындығы анықталады. Осыған сәйкес Конституциялық Кеңестің төрағасы мен мүшелері олар тағайындалғаннан кейін Парламент Палаталарының бірлескен отырысында салтанатты жағдайда Республика Президентіне өздеріне жүктелген міндетті адал атқаруға, әділ болуға және басқа ешкімге, еш нәрсеге емес, тек Қазақстан Республикасының Конституциясына ғана бағынуға етеді.

Конституциялық Кеңес жеті мүшеден, соның ішінде Конституциялық Кеңестің Төрағасынан тұрады. Бұған қоса Республиканың экс-Президенттері құқығы бойынша ғұмыр бойы Конституциялық Кеңестің мүшелері болып табылады. Конституциялық Кеңес құрамы келесі тәртіппен қалыптасады: Конституциялық Кеңестің екі мүшесін Республика Президенті қызметке тағайындайды, Конституциялық Кеңеске екі-екі мүшеден Парламент Палаталары төрағаларының ұсынуы бойынша тиісінше Парламент Сенаты мен Мәжілісі тағайындайды.

Конституциялық Кеңестің өкілеттік мерзімі алты жылмен анықталады. Оның мүшелерінің жартысы әрбір үш жыл сайын жаңартылып отырады. Сонымен қатар конституциялық заңнама Конституциялық Кеңес мүшелігіне кандидаттарға қойылатын талаптар тобын анықтайды. Конституциялық Кеңестің құрамына отыз жасқа толған, Республика аумағында тұратын, жоғары заң білімі, заң мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс стажы бар Республика азаматы тағайындала алады.

Конституциялық заңнамаға сәйкес Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшесінің қызметі депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтерді қоспағанда, өзге де ақы төленетін жұмысты атқарумен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды.

Республика Конституциясының 71 бабы 5 тармағына сәйкес Конституциялық Кеңес мүшелері мен төрағасы өздерінің өкілеттік мерзімінде оларға ешкімнің тиіспеу құқығын (иммунитет) пайдаланады.

Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелері өз міндеттерін орындау кезінде тәуелсіз болады және тек Конституция мен Конституциялық заңға ғана бағынады. Олардың конституциялық іс жүргізу мәселелері жөніндегі қызметі есеп беруге жатпайды. Өз өкілеттігін жүзеге асыру мәселелері бойынша олардан есеп талап етуге ешкімнің хақы жоқ. Сонымен қатар Конституциялық Кеңестің мүшелері өкілеттік мерзімі ішінде ауыстырылмайды. Конституциялық Кеңес Төрағасы мен мүшелері мәселелерді дербес қарау мақсатында ешкім тиіспеу құқығын иеленеді: өз өкілеттігі мерзімі ішінде оларды тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін

әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасалған реттерді қоспағанда, Парламенттің келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды. Конституциялық Кеңес Төрағасы мен мүшелерінің конституциялық іс жүргізу мәселелері жөніндегі қызметі есеп беруге жатпайды. Өз өкілеттігін жүзеге асыру мәселелері бойынша олардан есеп талап етуге ешкімнің хақы жоқ. Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелері Конституциялық Кеңес жүргізіп жатқан мәселелерді қарауда және олар бойынша шешімдер қабылдауда, тең құқықтарға ие болады («Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Конституциялық заңның 12, 13 баптары.).

Қолданылуға ұснылатын әдебиеттер тізімі: 1-18; 25-35; 40-49, 64, 80, 81-89, 93-105, 121-134, 160-168, 169-182.

Тақырып № 7. Конституциялық эволюцияның кезендері.

Семинар — 1сағат

Жоспар:

Сабак «Интеллектуалды футбол» әдісіне сәйкес жүргізіледі.

Алдыңғы сабақта курсанттарға «Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының сыртқы саяси қызметі» тақырыбына дайындық міндеті қойылды.

Курсанттар екі командаға бөлінеді: рөлдер: қақпашылар, қорғаушылар және шабуылшылар. Ойын төрешісі таңдап алынады.

Ойын ережесі:

1. Разминка. 7-10 минут ішінде командалар ойынға дайындалады. Шабуылшылар сұрақтарды дайындайды (жақсырақ жазбаша түрде). Қорғаушылар тақырыпты қайталайды.

2. Жребі арқылы доппен бастайтын бірінші команда тандалады.

3. Арбитр ойыншыларға ойын ережелерін түсіндіреді.

4. Шабуылшы қорғаушыларды бір-бірден сұрақ қояды. Егер қорғаушылар сұраққа жауап бермесе, сұрақ қақпашыға беріледі. Егер голкипер допты қайтарса (сұраққа жауап берсе), онда гол болған жоқ. Керісінше, егер қақпашы допты ұрмаса (сұраққа жауап бермесе), онда гол соғылады.

5. Содан кейін басқа топ сұрақ қою үшін сол механизмді пайдаланады.

6. Төреші ережелердің сақталуын қадағалайды (сары, қызыл карточка, еркін соққыға құқығы бар және т.б.).

Ойынның негізгі төрешісі – оқытушы, тиісті шаралар қабылдауы мүмкін.

Ойын 40-50 минут ішінде өтеді.

Ойын аяқталғаннан кейін нәтиже жинақталады. Ойынға рефери мен бас төреші түсініктеме береді. Оқытушы бағалар қояды.

2. Конституциялық эволюцияның кезеңдері.

Әдістемелік ұсыныс:

Берілген тақырыпты қарастыру барысында Конституцияның 1-бөлімін, яғни Жалпы Ережелерді аса зейін қойып зерделеу керек.

Қазақстан мемлекетінің басқару нысанына, оның демократиялық, зайырлы, құқықтық, біртұтастық, егемендік сипаттарына жеке-жеке тоқталып осы ұғымдарға толық түрде анықтама беру керек. Осы және де өзге де мәселелердің Конституцияда көрініс тапқанын, Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу процессінің сатыларын атап өту қажет. ҚР Конституциясына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға тоқталуы қажет.

Қолданылуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 1-18; 25-35; 40-49, 64, 80, 81-89, 93-105, 121-134, 160-168, 169-182.

Тақырып № 7. Конституциялық эволюцияның кезеңдері.

МОӨЖ – 2 сағат

Жоспар:

МОӨЖ жазбаша нысанда өтеді: кесте толтыру.

№	Қазақстанның конституциялық заңнамасының даму кезеңдері	Тиісті кезеңдер бойынша сипаттамалар

Әдістемелік ұсыныс: Тақырып бойынша қарастырылатын әдебиеттерді пайдалана отырып кестені толтыру.

Қолданылуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 1-18; 25-35; 40-49, 64, 80, 81-89, 93-105, 121-134, 160-168, 169-182.

Тақырып № 7. Конституциялық эволюцияның кезеңдері.

МӨЖ – 2 сағат

Жоспар:

1. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі: құрылуы, құрамы, құзыреті.
2. Мына тақырыптар бойынша реферат жазу:
 - Қазақстан Республикасындағы саяси партиялардың конституциялық-құқықтық мәртебесі.
 - 1995 жылғы Қазақстан Республикасы Конституциясы: негізгі сипаттары және ерекшеліктері.

- Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі: құрылымы, мәртебесі және құзыреті.
- Қазақстан Республикасы президенттік басқару жүйесіндегі біртұтас мемлекет: түсінігі, белгілері, негізгі сипаттары.

Өзіндік бақылау материалдары: тестілеу жұмыстарын орындау.

Қолданылуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 1-18; 25-35; 40-49, 64, 80, 81-89, 93-105, 121-134, 160-168, 169-182.

Тақырып № 8. Қоғамның саяси жүйесіндегі идеология.

Семинар — 2сағат

Жоспар:

1. Қоғамның саяси жүйесі: ұғымы және құрылымы.
2. Саяси ағымдар.
3. Қоғамдық бірлестіктер.

Тапсырма 1. Қоғамның саяси жүйесінің негізгі элементтері ретінде мемлекеттің рөлін дәлелдеңіз.

Тапсырма 2. Саяси ағымдар: демократия, либерализм, консерватизм, революцияшыл, радикалистік, солшылдар, оңшылдар және т.б. Қоғамдық ұйымдар, қорлар және қозғалыстар.

Тапсырма 3. Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекет, оның басқа қоғамның саяси жүйе субъектілерінен айырмашылығы.

Әдістемелік ұсыныс: Сабаққа дайындалу барысында ұсынылған әдебиеттермен танысу керек. Қоғамның саяси жүйе ұғымы. Қоғамның саяси жүйе элементтері. Қоғамның саяси жүйесінің моделдері: командалық, жарыспалы және әлеумет қолдану. Қоғамның саяси жүйесінің негізгі субъектілері: саяси партиялар, қоғамдық бірлестіктер, жергілікті мемлекеттік және азаматтық басқарулар. Саяси ағымдар: демократия, либерализм, консерватизм, революцияшыл, радикалистік, солшылдар, оңшылдар және т.б. Қоғамдық ұйымдар, қорлар және қозғалыстар. Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекет, оның басқа қоғамның саяси жүйе субъектілерінен айырмашылығы.

Қолданылуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 1-18; 25-35; 40-49, 64, 80, 137,139, 160-168, 169-182.

Тақырып № 8. Қоғамның саяси жүйесіндегі идеология.

МОӨЖ 2- сағат

Тапсырма: Кесте толтыру

№ 1

Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекеттің орнын айқындайтын факторлар	
Фактор	Оның мәні мен маңызы

№ 2

Саяси ағымдар	Сипаттамалар
1. Демократия	
2. Либерализм	
3. Консерватизм	
4. Реакцияшыл	
5. Революцияшыл	
6. Радикалдық	
7. Реформистік	
8. Центристік	
9. Ұлттық	

МОӨЖ өткізу нысаны: жазбаша

Әдістемелік ұсыныс:

Сабакқа дайындалу барысында ұсынылған әдебиеттермен танысу керек. Өртүрлі авторлардың пікірлерімен таныса отырып, ортақ негзге келу арқылы, әр саяси ағымның сипаттамасын беру қажет.

Қолданылуға ұснылатын әдебиеттер тізімі: 1-18; 25-35; 40-49, 64, 80, 137,139, 160-168, 169-182.

Тақырып № 8. Қоғамның саяси жүйесіндегі идеология.

МӨЖ -2 сағат

1. Тақырып сұрақтарын ауызша талқылауға дайындалу.
2. Өзіндік бақылау сұрақтарына жауап беру.
3. Тақырыпқа ұсынылған тапсырмаларды орындау.

Тапсырма: кесте толтыру

Қоғамның саяси жүйесінің функциялары
1.
2.

Өзіндік бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. Қоғамның саяси жүйесі дегеніміз не? Қоғамның саяси жүйесіне мемлекет кіреді ме?
2. Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекеттің рөлі қандай?
3. Қоғамның саяси жүйесіндегі әлеуметтік-нормативтік негіздер мәні мен мазмұны?
4. Саяси ағымдар.

Қолданылуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 1-18; 25-35; 40-49, 64, 80, 137,139, 160-168, 169-182.

Тақырып № 9. Құқықтың қайнар көздерінің формалары және құқықтық жүйелерді жіктеудің негіздері

Дәріс – 1 сағат

Дәріс жоспары:

1. Құқық нысанының ұғымы және түрлері.
2. Құқықтық отбасын топтастыру мәселелері

Дәріс тезисі:

Құқықтың түсінігі және мәні. Құқық көп жақты, күрделі құбылыс. Сондықтан оған берілетін анықтамалар да сан қырлы. Құқық (жалпы әлеуметтік мағынада) тиісті мүмкіндіктердің заңда көрсетілген, көрсетілмегендігіне қарамастан адамгершілік, әдет-ғұрып тұрғысынан әрекеттің негізделуі мен еркіндік ретінде танылады. Құқықтың функционалдық анықтамасы – қазіргі кездегі экономикамен негізделген халықтың, көпшіліктің еркін білдіретін, нормативті анықталған және бұзылудан тәрбиелеу, сендіру және қажетті жағдайда мемлекеттік мәжбүр ету шараларымен қорғалатын, қоғамдық қатынастарды реттеу қызметін атқаратын, құқықтық демократиялық мемлекет қалыптастыру мақсатында қоғамдық келісім құралы болатын нормалар жүйесі ретінде көрсетеді.

Құқыққа мынандай белгілер тән: - еріктілік сипаты болады; - жалпыға бірдей міндеттілік күші танылған; - нормативтілік; - мемлекетпен қалыптастырылады және қорғалады; - жүйелілік; - қоғамдық қатынастарды реттеу қызметін атқарады.

«Құқық» термині екі мағынада: объективтік және субъективтік болып қолданылады, бірақ қай қайсысының да мағынасы толық ашылмаған. Бірінші

мағынасында «құқық дегеніміз өмірдің заңдық тәртібі, мемлекетпен қорғалатын барлық құқықтық ережелердің жиынтығы», ал екінші жағдайда – құқық дегеніміз «жеке тұлғаның нақты құқық өкілдігіндегі абстрактылы ереженің нақты көрініс табуы».

Құқық философия мен теория категориясы ретінде шынайы мазмұнды құрай отырып, инструменталдық роль атқарады. Құқық түсінігіне, шығу жолына, мәні мен мағынасына қатысты ғылымда сан алуан көзқарастардың болуы мүмкін. Бірақ құқықты өмірде қолдануға келгенде міндетті түрде біркелкі ойдың, көзқарастың тұрғысынан табылуы керек. Егер құқық әртүрлі мағынада ұғынылатын болса, онда ол өзінің құндылығын, қоғамдық қатынастарды тұрақтандыру мен ретке келтірудегі ролін жоғалтушы еді. Құқық түсінудегі анықталғандық - қоғамдық қатынастардың анықталғандығы мен тәртібінің бастауы.

Құқыққа деген әртүрлі көзқарастар қоғамды демократияландырумен ұштасады, пікір плюрализміне сәйкес келеді. Субъективті, объективті факторлармен қатар, көзқарастардың көптігіне гносеологиялық та себеп бар. Таным барысында құбылыстың бір ғана жағына еліктеу, оны жоғары санап, өзгелерін жоққа шығару мүмкіндігі бар. Міне, осыдан құқықтың әртүрлі анықтамалары туындайды. Егер бір жақты анықтама өзгелерін алмастыруды мұрат тұтпаса, жалғыз дұрыс деген атауға ұмтылмаса, онда одан келетін еш жамандық жоқ. Құқықты терең түсіну үшін, егер ол шындыққа сәйкес келетін болса, кез-келген анықтама пайдалы. Ал, практикалық қолдану үшін құқықтың тұтас түсінігі болуы қажет.

Құқық мәнін анықтау барысында екі түрлі көзқарасты ескеру қажет. 1. Таптық көзқарас, онда құқық экономикалық үстем таптың заңдастырылған еркін білдіретін, мемлекетпен кепілдендірілген нормалар жүйесі ролін атқарады. 2. Жалпы әлеуметтік көзқарас бойынша құқық қоғамның әр түрлі топтарының арасындағы келістіруші ролін атқарады. Дегенмен де, құқық түсінігі тәріздес, оның мәнінің де жан-жақты көп қырлы екендігін естен шығармауымыз қажет. Осы тұрғыдан құқықтың діни, ұлттық, нәсілдік және тағы да басқа мәні болатындығын атап өту қажет. Құқық мәнін анықтайтын нормативистік, табиғи-құқықтық, тарихи-материалистік, әлеуметтік теориялар.

Құқық түсінушіліктің негізгі типтеріне мыналарды жатқызады: нормативистік; әлеуметтік юриспруденция; табиғи құқық теориясы; философиялық құқық түсінушілік.

Құқық – қоғамның мемлекеттік еркін, оның жалпыадамзаттық және таптық сипатын көрсететін жалпыға міндетті, формальды-анықталған нормалар жүйесі; мемлекетпен шығарылады немесе санкцияландырылады және бұзылудан мемлекеттік мәжбүр ету мүмкіндігімен қорғалады; қоғамдық қатынастарды өкімдік-ресми реттеуші болады.

Құқық көмегімен құндылық тағайындалымдар анықталынатын және бекітілетін, белгілі бір социумның өкілдерімен жалпы маңызды ретінде танылған және заңдық кепілдіктер жүйесі мен заңдық жауапкершілік

шараларымен қамтамасыз етілген біртектестендірілген әрекет стандарттарының жиынтығы.

Құқық – мемлекеттен бастау алатын және орындалуы онымен қамтамасыз етілетін әрекет тәртібі жүйесі.

Құқық нысандары (қайнар көздері). Құқық теориясында осы мәселеге қатысты дау әлі де болса дамылдамай отыр. Даудың басы кейбір ғалымдардың нормативті актілер, әдет-ғұрыптар мен прецеденттерді құқық нысаны деп тануы мен екіншілерінің аталған құбылыстарды құқықтың қайнар көзіне жатқызуында десек жаңылмаймыз. Құбылысқа әртүрлі анықтама беру оның мәнінің сан қырлылығын білдіреді дей отырып, аталған екі көзқарасты да қолдауға болатындығын ескеру керек. Аталған қос түсінікті де қолдануға болады, дегенмен де алдымен олардың әрқайсысының жеке мазмұнын анықтау маңызды.

Құқық түп нұсқасы ретінде құқықтың пайда болуы мен әрекет етуін мүмкін ететін факторларды айтады. Бұндай факторларға мемлекеттің құқықшығармашылық әрекеті, халық еркі және қоғам өмірінің материалдық жағдайлары жатқызылады. Құқық қайнар көзі құқықты тану барысында да қолданылатын термин. Бұл жағдайда оның мазмұнын құқықтың тарихи ескерткіштері (Ману заңдары, Орыс правдасы, Жеті Жарғы), археология мәліметтері, қолданыстағы құқық актілері, заңдық тәжірибе, келісім-шарттар, құқықтанушылардың еңбектері кұрайды. Құқық қайнар көзінің бұдан да тар ауқымда қолданылатын түсінігі бар. Ол тәжірибеде нақты істі шешу барысында қолданылатын құжат. Бұнда мемлекеттік еріктің сомдалуын білдіретін құқықтың сыртқы нысаны көрініс табады.

Құқық нысаны – жалпыға бірдей міндетті, заңды маңызы бар, қоғамда орын алған құқық нормаларын ұйымдастыру тәсілі. Құқық нысаны мынандай ерешеліктерімен айшықталады:

- азаматтардың нормативті бекітілген еркін бейнелейді, әлеуметтік-экономикалық базиспен негізделеді;
- халықтың саяси билігін бекітеді және қамтамасыз етеді, оның мүддесіне қызмет етеді;

Құқық нысанының негізгі 4 түрі танылған: прецедент, әдет-ғұрыптық құқық, нормативті акт, нормативті келісім.

Прецедент - күзіретті мемлекеттік органның белгілі бір мәселе бойынша қабылдаған шешімінің осыған ұқсас өзге істерді қарағанда міндетті түрде қолданылуы. Прецедент әкімшілік және сот прецеденттері болып екі топқа бөлінеді. Англо-саксондық құқық жүйесінде қолданылады..

Әдет-ғұрып құқығы тарихи қалыптасқан ұрпақтан-ұрпаққа берілетін әдет-ғұрып, салт-дәстүр нормаларына мемлекеттік мәжбүр ету күші тағайындалатын құқық нысанының бір түрі. Қазіргі кезеңде көбінесе діни-ғұрыптық құқықтық жүйелерде (мұсылман құқығы, иудаистік және индуистік құқықтарда) танылған. Қазіргі Қазақстанда дүниежүзілік нарықтық экономиканың талаптарына сәйкес азаматтық және банк құқығы салаларында істік айналым әдет-ғұрыптары қолданысқа енуде.

Нормативті келісім – субъектілердің өзара мүддесін есепке алуды мүмкін ететін құқықтық қатынастар жүйесін жасайтын, әрі азаматтық қоғамның дұрыс өмір сүруін қамтамасыз ететін, оның субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін анықтайтын құқық нысаны. Нормативті келісім - құқықшығармашылық субъектілерінің жаңа құқық нормасын қалыптастыратын келісімі. Нормативті актілермен қатар қолданылуы мүмкін.

Қолданылуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 1-18; 25-35; 37,40-49, 64, 80, 87, 89-90, 96,97,107-108,115, 160-168, 169-182.

Тақырып № 9. Құқықтың қайнар көздерінің формалары және құқықтық жүйелерді жіктеудің негіздері

Семинар-1 сағат

Жоспар:

1. Құқықтық отбасы.
2. Құқық (қайнар көздері) нысаны.
3. Бірқатар мемлекеттердің құқық жүйесін топтастырудың теориялық проблемалары.

Тапсырма: Кесте толтыру

Теориялар	Авторлар	Мәні
1. Нормативистік		
2. Психологиялық		
3. Социологиялық		
4. Табиғи-құқықтық		

Әдістемелік ұсыныс: Сабаққа дайындалу барысында ұсынылған әдебиеттермен танысу керек. Құқықтың пайда болуының негізгі теориялары. Философиялық санат ретінде құқық. Нормативистік теория (Г. Кельзен). Табиғи құқықтық теория (Монтескье, Локк, Гобс және т.б.). Құқықтың тарихи мектебінің мәні (германдық құқықтанушылар: Г.Гуго, Ф. Савиньи, Ф.Пухта), Психологиялық құқық теориясы (Тард, Петражицкий), Құқықтың әлеуметтік мектебі (С.А. Муромцев, американдық Д.Дьюи, Р.Паунд, Д. Фрэйк), Марксистік құқық теориясы, Құқықтың теологиялық теориясы. Аталған мәселелер бойынша қазіргі ғылыми әдебиеттерге көзқарастар келтіру.

Қолданылуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 1-18; 25-35; 37,40-49, 64, 80, 87, 89-90, 96,97,107-108,115, 160-168, 169-182.

Тақырып № 9. Құқықтың қайнар көздерінің формалары және құқықтық жүйелерді жіктеудің негіздері

Тапсырма:

1.Кесте толтыру

Қазіргі құқық жүйесін топтастыру түрлері		
Трихотомдық	Стилевтік	Көпфакторлы

2.Құқықты түсінудің негізгі теорияларын салыстырыңыз. Әрбір теорияның жағымды және жағымсыз жақтарын дәлелдеңіз. Құқықты түсінудің әрбір теориясы бойынша өзіндік көзқарастарыңызды білдіріңіз.

ДӨӨЖ өткізу нысаны: жазбаша

Әдістемелік ұсыныс: Сабаққа дайындалу барысында ұсынылған әдебиеттермен танысу керек. Құқық жүйесі және оларды топтастыру өлшемдері. Рене Давид теориясы. Англосаксондық құқықтық отбасы. Романо-германдық құқықтық отбасы. Діни және дәстүрлі құқықтық отбасы. Құқық (қайнар көздері) нысандары. Соттық прецедент. Нормативтік-құқықтық акт. Құқықтық әдет-ғұрып. Құқықтық келісім-шарт. Бірқатар мемлекеттердегі құқық жүйесінің теориялық топтастыру проблемалары. Кеңестік және посткеңестік құқық жүйесін типтендіру проблемалары. Конвергенция теориясы. Аталған мәселелер бойынша қазіргі ғылыми әдебиеттерге көзқарастар келтіру.

Қолданылуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 1-18; 25-35; 37,40-49, 64, 80, 87, 89-90, 96,97,107-108,115, 160-168, 169-182.

Тақырып № 9. Құқықтың қайнар көздерінің формалары және құқықтық жүйелерді жіктеудің негіздері

МӨЖ -2 сағат

1. Тақырып сұрақтарын ауызша талқылауға дайындалу.
2. Өзіндік бақылау сұрақтарына жауап беру.
3. Тақырыпқа ұсынылған тапсырмаларды орындау.
4. Тақырып сұрақтарын ауызша талқылауға дайындалу.
5. Өзіндік бақылау сұрақтарына жауап беру.
6. Тақырыпқа ұсынылған тапсырмаларды орындау.

Тапсырма: Кесте толтыру

Англосаксондық	Романо-германдық	Діни	Дәстүрлі
Ерекшеліктері			
1.	1.	1.	1.

2.	2.	2.	2.
3.	3.	3.	3.
4.	4.	4.	4.

Өзіндік бақылау сұрақтары

1. Құқық дегеніміз не?

2. Құқықтың нормативистік теориясының мәні.

3. Құқықтың психологиялық теориясының мәні.

4. Құқықтың әлеуметтік теориясының мәні.

5. Табиғи құқықтық теория.

Қазіргі әлемдегі негізгі құқық жүйесі (отбасы) ұғымына түсінік беріңіз?

6. Әлемдегі құқық жүйесі типологиясын дайындау бойынша қандай ғылыми көзқарастар сіздерге белгілі?

7. Романо-германдық және англосаксондық құқықтық отбасыларына сипаттама беріңіз?

8. Діни құқықтық жүйенің негізгі сипаттамаларына мысал келтіріңіздер?

9. Әдет-ғұрып құқығына қысқаша сипаттама беріңіз және Орталық және Оңтүстік Африка, сондай-ақ, Мадагаскар елдері қатарындағы биліктің себептерін түсіндіріңіздер?

10. Адам дамуының жаңа сатылары – жаһандану сатыларына әлемдік құқықтық жүйенің даму келешегінің тенденциялары қандай?

11. Конвергенция принципі дегеніміз не?

12. Құқықтың (қайнар көздері) қандай нысандары?

13. Бірқатар мемлекеттердің құқық жүйесін топтастыру проблемалары

14. Проблемаларға қазіргі көзқарастар.

15. Қазақстан Республикасының құқық жүйесін жетілдіру және мемлекеттілік үшін әлемдік құқықтық жүйе туралы білімнің маңыздылығы қандай?

Қолданылуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 1-18; 25-35; 37,40-49, 64, 80, 87, 89-90, 96,97,107-108,115, 160-168, 169-182.

Тақырып № 10. Құқық нормаларын талқылау: теория және тәжірибе

Дәріс – 1 сағат

Дәріс жоспары:

1. Құқық нормаларын талқылау: түсінігі, түрлері және әдістері
2. Нормативтік-құқықтық актіге ресми түсінік беру актісі.

Дәріс тезісі:

Құқық нормаларын талқылау құқық шығармашылық үрдісінде, құқықты жүйелеуде және тіпті құқықты қолдануда маңызды орынға ие. Құқықты қолданудан бұрын оның мағынасын ұғыну керек, ал кей жағдайда талқылау қажет. Құқық нормаларын талқылау — барлық құқық субъектілері

(мемлекеттік өкілетті органдар, қоғамдық бірлестіктер және жеке азаматтар) құқық актілерінде орын алатын құқық нормаларының мазмұнын ұғыну және түсіндіру. Құқықты талқылаудың қажеттілігі неде деген сұрақ туындайды.

1. Заңды нормалардың абстрактісімен байланысты. Құқық нормасы жалпы сипатта. Сондықтан нақты оқиға осы норманың әрекетіне сәйкес келе ме, жоқ па дегенді нақты түсіндірген жөн.

2. Құқық шығармашылық үрдісінің жеткіліксіздігі. Заң шығарушы барлық құқық нормаларды нақты және ұтымды құрастыра алмайды. Құқық нормасының мағынасын нақты ұғыну қажет.

3. Арнайы терминдерді түсіндіру қажеттілігі.

4. Құқық нормасы қоғамдық қатынастардың бір-бірімен өзара байланысын реттейді. Сондықтан шынайы құқық нормасының ұғымын түсіну үшін онымен бірге қолданылатын, басқа нормаларды да іздестіру қажет;

5. Құқық нормасы біреуге түсінікті, енді біреуге мүлдем түсініксіз.

Кейде осы талқылаудың жоқтығынан түсіну теріске шығатын жайлар да аз емес. Тәжірибелі заңгер мейлінше жиі тез әрі оңай құқық нормасының абстрақтылы мағынасын «қағып алып», нақты жағдайларға қолданады.

Құқық нормасын талқылау үрдісі өзі екі жеке дара сатыдан тұрады: ұғыну және түсіндіру. Ұғыну — норманың мазмұнын «өзі үшін» сезіну, түсіну үрдісі. Түсіндіру — игерген құқық норма мазмұнын басқаларға жеткізу, түсіндіру үрдісі. Түсіндіру тек қарапайым таным үшін емес құқық нормасын зерттеу және құқық нормасын іске асыру мақсатын көздейді. Құқық нормасының мағынасын әдістер (тәсілдер) мен талқылау көлемі арқылы ұғынады. Сонымен талқылаудың түсінігі, құқық нормаларын талқылау бұл мемлекеттің, лауазымды тұлғалардың, қоғамдық ұйымдардың, жекелеген азаматтардың құқық нормаларының мазмұнын түсіндіруге, оларда көрініс тапқан билік басында тұрған әлеуметтік күштердің еркін ашуға бағытталған қызметі. Талқылау процесінде нормативтік ереженің мәні, оның негізгі мақсаты мен әлеуметтік бағыттылығы, түсіндіріліп отырған актінің мүмкін салдары, оның құқықтық реттеу жүйесіндегі орны және т.б. анықталады.

Талқылау әдістері (тәсілдері) - дегеніміз құқық нормасының мазмұнын анықтауға бағытталған амал, құрал, тәсілдердің жиынтығы. Келесі әдістерді бөліп көрсетеді:

- грамматикалық (тілдік) әдісі — тіл заңдылықтары, грамматика ережелері, орфография көмегімен түсіндіру;

- логикалық — логика заңдылықтар мен ережелердің көмегімен түсіндіру;

- тарихи-саяси — нақты құқықтық норманы қабылдаудың саяси және нақты тарихи астарын анықтай отырып түсіндіру;

- арнаулы заңдық — заңнамада қолданылатын заңдық терминдердің мазмұнын ашу арқылы түсіндіру;

- телеологиялық (мақсатты) — нормативтік актіні қабылдау мақсаттарын анықтаудың көмегімен түсіндіру.

Талқылаудың нәтижесі мәтін мен заңды нормалардың нақты мазмұны қатынастарына байланысты әр түрлі болуы мүмкін. Осы қатынастан шыға келе, **көлемі бойынша талқылаудың үш түрі бар:**

1) сөзбе-сөз — құқық нормасының мағынасымен оның мәтіндік көрінісінің мағынасы дәлме-дәл сәйкес келуі;

2) шектеулі — құқық нормасының нақты мағынасы оның мәтіндік көрінісі болып табылған кезде ғана қолданылады;

3) таралушы — құқық нормасының нақты мағынасы оның мәтіндік көрінісінен кең мағынаға ие болған жағдайда.

Субъектілер бойынша талқылау түрлері. Талқылау субъектілеріне байланысты **ресми және бейресми:**

1. Ресми талқылау— құқық нормаларының мазмұнын Құқықты қолданушы барлық субъектілер үшін міндетті және заңды салдар туғызатын актілерде арнаулы мемлекеттік органдардың түсіндіруі; мысалы, заңға тәуелді актілердің ресми түсіндірмесін оларды қабылдаған (шығарған) органдар немесе лауазымды адамдар береді («Құқықтық актілер туралы» ҚР Заңының 45 бабының 2 тармақшасы);

Ресми талқылау **нормативті және казуалды** болып бөлінеді. **Нормативті** талқылау біртектес барлық істерді шешу барысында міндетті болатын, жалпы сипаттағы түсіндірме.

Оның өзі екіге бөлінеді: **аутентикалық және легалдық.**

Аутентикалық талқылау деп нормативті актілерді қабылдаған органның өзінің түсіндірме беруін айтамыз. **Легалдық талқылау** — басқа органдар қабылдаған құқықтық актілерді заңмен рұқсат етілген, соған өкілетті мемлекет органдарының түсіндіру.

Казуалды талқылау - нақты істі қарау кезінде міндетті болатын түсіндірме. Қазақстан Республикасында заң актілерін талқылау құқығы Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне және сот органдарына берілген.

2. Биресми талқылау деп заңды міндеттілік күші болмайтын, талдау тереңдігімен, сенімділігімен және негізделгендігімен сипатталатын құқық нормаларын талқылаудың бір түрін айтамыз; мысалы, Қ. зейнеткерге зейнет ақы туралы заң нормаларының мазмұнын түсіндіреді.

Ол үшке бөлінеді: **доктриналды, кәсіби және кәдімгі талқылау.**

Кәдімгі талқылау - құқықтық нормаларды әрбір жеке азаматтың өзінің білім деңгейіне және жеке сенімдеріне сәйкес түсіндіру.

Кәсіби талқылау деп құқықтық арнаулы білімі бар мамандардың өз қызметін жүзеге асыру барысында беретін құқық нормаларына түсіндірмесін айтамыз.

Доктриналды талқылау монографияларда, ғылыми еңбектерде және тағы басқа құқық нормаларын ғылыми саралау кезінде жүргізілетін түсіндіру.

Құқықты талқылау актілері.

Құқықты талқылау актісі – бұл заң нормаларының мағынасын талқылауға бағытталған құқықтық акт. Құқықты талқылау актілерінің ерекшеліктері:

- заң нормаларының мағынасын талқылауға бағытталған;
- нормативтік емес, нақтылаушы ережелерден құралған;
- дербес сипатқа ие емес және өзі түсіндіріп отырған нормалармен бірге әрекет етеді;
- құқықтың қайнар көзі болып табылмайды.

Құқықты талқылау актілерінің төмендегідей түрлері болады:

1) ресми талқылаудың түрлеріне қарай олар нормативтік (аутентикалық және легалды) және казуалды талқылау актілері болып бөлінеді;

2) талқылауды жүзеге асырып отырған органдарға қарай мемлекеттік билік органдарының, басқару органдарының, сот, прокуратура органдарының талқылау актілері:

3) құқықтық реттеу пәніне қарай қылмыстық, азаматтық, әкімшілік және т.б. құқықты талқылау актілері:

4) сипатына қарай - материалдық және іс жүргізушілік талқылау актілері;

5) нысанына қарай – жарлықтар, қаулылар, бұйрықтар, нұсқаулар және т.б.

Қолданылуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 1-18; 25-35; 37,40-49, 64, 80, 87, 89-90, 96,97,107-108,115, 160-168, 169-182.

Тақырып № 10.Құқық нормаларын талқылау: теория және тәжірибе

Семинар — 1сағат

Жоспар:

1. Құқық нормаларын талқылау: ұғымы, әдістері және түрлері.
2. Құқықтың ұқсастығы және заң ұқсастығы.

Әдістемелік ұсыныс:

Құқық нормасын талқылау құқық шығармашылық үрдісінде, құқықты жүйелеуде және тіпті құқық қолдануда маңызды орынға ие, әсіресе, құқықты қолданудан бұрын оның мағынасын ұғыну керек, ал кей жағдайда оны талқылау қажет. Құқық нормаларын талқылау барлық құқық субъектілері (мемлекеттік өкілетті органдар, қоғамдық бірлестіктер және жеке азаматтар) құқық актілерінде орын алатын құқық нормаларының мазмұнын ұғыну және

түсіндіру болып табылады. Құқықты түсіндірудің қажеттілігі неде деген сұраққа жауап беру керек. Талқылау процесінде нормативтік ереженің мәні, оның негізгі мақсаты мен әлеуметтік бағыттылығы, түсіндіріліп отырған актінің мүмкін салдары, оның құқықтық реттеу жүйесіндегі орны және т.б. анықтай білу қажет. Талқылаудың мақсаты заңшығарушының не айтқысы келгенін емес, оның қалыптастырған ережесінің мәнін анықтау. Талқылау қолданыстағы заңнамаға өзгертулер мен толықтырулар енгізбейді және енгізе алмайды да, ол заңдағы ережелерді талқылауға және нақтылауға бағытталғандығын білу абзал.

Құқық нормалары көп жағдайларда қатаң түрде заң әріпімен түсіндіріліп, қолданылады. Мұндай түсінік беру сөзбе-сөз деп аталады. Алайда, белгілі бір жағдайларда құқық нормасының мәні, оның сөзбе-сөз мәтінінен кең немесе тар болғанда, таралмалы немесе шек қоятын түсінік берудің қажеттілі жөнінде сұрақ туындайды. Құқық нормасының мазмұнын анықтауға бағытталған амал, құрал, тәсілдердің жиынтығы болатын талқылау әдістері: грамматикалық, логикалық жүйелік, тарихи-саяси, арнаулы заңдық, телеологиялық (мақсатты) әдістерді анықтаудың көмегімен талқылап, мысалдар келтіру. Талқылаудың нәтижесі мәтін мен заңды нормалардың нақты мазмұны қатынастарына байланысты әр түрлі болуы мүмкіндігін анықтау. Осы қатынастан шыға келе, көлемі бойынша талқылаудың үш түрі: сөзбе-сөз, шектеулі, таралушылардың мағынасын мысал келтіре отырып, түсіндіру қажет.

Субъектілер бойынша талқылау түрлері, субъектілеріне байланысты талқылаудың мынадай түрлері болады: ресми мұндай түсіндіруді өкілетті субъектілер ғана береді, олар арнайы актіде көрініс табады және заңды салдарды туындатады; бейресми; мұндай түсіндірудің заңды міндетті мәні болмайды және биліктік күші жоқ екендігіне түсініктеме беру керек. Ресми түсіндіру: нормативтік (тұлғалар мен жағдайлардың кең шеңберіне таралады) және казуалды (тек нақты бір жағдай үшін міндетті болып табылады) болып екіге бөлінеді, нормативтік талқылау өз кезегінде аутентикалық (нормативтік актіні қабылдаған органмен беріледі) және легалды (өкілетті субъектілер береді) болып екіге бөлінетіндігін мысалдармен анықтамасын жасау қажет. Курсанттар құқық нормаларына түсінік берудің барлық осы түрлерін білулері қажет.

Бұл тақырыпты оқу барысында құқықтың ұқсастығы мен заң ұқсастығы туралы сұрақты қарағандары жөн. Бұл ұғымдар оқулықта жеткілікті түрде толық түсіндірілген. Алайда курсанттар дұрыс жауап беруге жиі қиналады. Құқық ұқсастығы мен заң ұқсастығы құқық кемшіліктерін жою үшін қолданылады. Бұл қайта туындауы мүмкін сұрақтарды шешу үшін қажет. Бірақта, мұндай тәсіл қылмыстық құқық үшін қолдануға жарамсыз. Себебі қылмыстық жауаптылық тікелей заңда (Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 9-шы бабының 1-ші тармағы) көрсетілген іс әрекеттер жасалған жағдайда ғана туады. Құқықтың басқа салаларында заң ұқсастығы мен құқық ұқсастығы сақталады. (Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінің 10-шы бабы мен Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 5-ші бабы).

Тапсырма:

Мына сұрақтарды өздігімен қарастыру қажет:

- Құқықты талқылау түсінігі
- Құқықты талқылау субъектілер
- Талқылау түрлері

Қолданылуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 1-18; 25-35; 37,40-49, 64, 80, 87, 89-90, 96,97,107-108,115, 160-168, 169-182.

Тақырып № 10.Құқық нормаларын талқылау: теория және тәжірибе

МОӨЖ –2 сағат

МОӨЖ өткізу нысаны: ауызша

Тапсырма:

1. Құқық нормаларына субъектілер бойынша түсінік беру түрлері.
2. Құқықтың ұқсастығы мен заң ұқсастығы.

Әдістемелік ұсыныс:

Магистрант өздігімен жұмысқа дайындалу барысында әрекеттегі Қазақстан Республикасының заңнамасына талдау жасап оған түсінік берудің негізін анықтау керек. Қолдануға ұсынылатын Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі.

Құқықты талқылау құқыққолданушы субъектілер мен азаматтардың норма талаптарын бірдей түсініп, жүзеге асыра алуы үшін қажет. Сондықтан Курсант талқылау субъектілерін, оны жүзеге асырушы органдарды, талқылау түрлері мен тәсілдерін білуге тиісті. Талқылау әр түрлі негіздер бойынша жіктеледі. Құқықты талқылау субъектілеріне байланысты ресми және биресми деп жіктеледі. Ресми өз алдына аутентикалық және легалдық, нормативті және казуалды болып бөлінеді. Биресми талқылау түрлері доктриналдық, кәсіби және кәдімгі болып табылады. Талқылаудың көлеміне, әдістеріне де байланысты түрлері танылған.

Қолданылуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 1-18; 25-35; 37,40-49, 64, 80, 87, 89-90, 96,97,107-108,115, 160-168, 169-182.

Тақырып № 10.Құқық нормаларын талқылау: теория және тәжірибе

МӨЖ – 2 сағат

Тапсырма:

1. Сөздікке мына ұғымдарды жазынызыз, (әдістері) талқылау, талқылау көлемі бойынша, ресми талқылау, Би ресми талқылау, нормативтік, казуальдық, аутентентикалық, заңдық талқылау.

2. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінен 5 бабын оқыңыз (құқықтағы және заңдағы ақаулықтар) - қандай орган конституциялық түсінік береді? Ол қалай аталады?

- құқық нормасын талқылауға мысалдар келтірініз.

Өзіндік тексеру материалдары:

1. Ресми және биресми талқылау.
2. Нормативті және казуалды талқылау.
3. Талқылау тәсілдері.
4. Құқықтағы ақаулық және оның орнын толтыру әдістері.
5. Құқық ұқсастығы және заң ұқсастығы

Қолданылуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 1-18; 25-35; 37,40-49, 64, 80, 87, 89-90, 96,97,107-108,115, 160-168, 169-182.

Тақырып № 11. Қазіргі қоғамдағы құқықтық сана мәселелері

Семинар — 2 сағат

Жоспар:

1. Құқықтық сана ұғымы, құрылымы және оның түрлері.
2. Құқықтық мәдениет және құқықтық тәрбие.
3. Құқықтық нигилизм түсінігі.

Әдістемелік ұсыныс:

Бірінші сұрақты оқуда ең алдымен қоғамдық сананың бір нысаны ретінде құқықтық сана ұғымын түсінген соң екі элементтен тұратын оның құрылымына ауысу керек. Адамдардың құқыққа деген қатынасын көрсететін түсініктер мен сезімдердің, көзқарастар мен эмоциялардың, бағалаулардың жиынтығы түріндегі қоғамдық сананың ерекше нысаны құқықтық сананың жаңадан қабылданған заңдарға, нормативтік актілердің нақты жобаларына және т.б. деген оң немесе теріс көзқарасын айта кету керек. Құқықтық сананың құқықтың қажеттігін түсіну және сезіну, құқықты бағалау, заңнаманың дамыған жүйесін құру қажеттігін түсіну, қолданыстағы нормативтік актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізудің қажеттігін түсіну, құқықты жүзеге асырудың нәтижелері мен процесін қабылдау сынды белгілеріне тоқтала отырып, құқықтық сананың ерекшеліктерін көрсету қажет. Сонымен қатар, құқықтық сананың рөлі және оның функцияларынан қалай

көрініс табатынын зерделеу.

Келесі сұраққа дайындық кезінде, құқықтық мәдениет құқықтық санамен тығыз байланыстылықта бола тұрғанмен, алайда, құқықтық мәдениет құқықтық санаға қарағанда әлдеқайда кең болу себебі психологиялық және идеологиялық элементтермен қатар, заңды мәні бар мінез-құлықты да қамтитынын атап өту қажет. Құқықтық мәдениеттің құқықтық шындықты сезімдік қабылдаудың және құқықтық ойланудың белгілі бірденгейі, халықтың заңдарды білуінің тиісті дәрежесі, құқық нормаларды, олардың үстемдігін түсінудің жоғары деңгейі, құқық шығармашылық және құқықты жүзеге асыру процесстерінің сапалық жағдайы, құқықтық қызметтің ерекше тәсілдері, құқықтық қызметтің адамдар жасаған рухани және материалдық игіліктер түріндегі нәтижелері түріндегі белгілерінің мәнін ашу.

Үшінші сұрақ бойынша әлеуметтік нигилизмнің бір түрі, жалпы алғанда құқыққа, заңға, құқықтық тәртіпке деген жарамсыз - қарсы, сыйламаушылық қатынас құқықтық нигилизмнің басты себебі тұрғындардың көпшілігінің заңды қадірлемеушілігі, құқықтық тәрбиесіздігі, тұғырында қоғамға деген құқықтың қажетсіздігі жататындығына дәлелдер мен мысалдар келтіру. Нигилизм субъектінің өз әлеуметтік-құқықтық мәртебесімен қанағаттанбауының, оның пікірі бойынша өзінің потенциалды мүмкіндігін дұрыс бағаламауының нәтижесін көрсету керек. Оның көрінісінің сан алуан қыры, жақтары, нысандары бар мысалдармен анықтамасын жасау қажет.

Тапсырма:

1. Қазақстан Республикасындағы құқықтық сана мен мәдениеттің дәрежесі туралы ой толғау (жазбаша жұмыс)
2. Құқықтық нигилизм себептері, нысаны және жою жолдары туралы ой қорыту
3. Құқықтағы ақаулық және олардың орнын толтыру әдістері туралы (реферат).

Қолданылуға ұсылатын әдебиеттер тізімі: 1-18; 25-35; 40-43, 54,61,64,65,68-69,73,119, 160-168, 169-182.

Тақырып № 11. Қазіргі қоғамдағы құқықтық сана мәселелері

КОӨЖ өткізу түрі: ауызша, жазбаша

Тапсырма:

1. Құқықтық нигилизм түсінігі.
2. Құқықтық сана, құқықтық тәрбие және құқықтық мәдениет, олардың өзара байланысы мен ара қатынасы.
3. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметкерлерінің құқықтық санасы мен құқықтық мәдениеті.

Әдістемелік нұсқаулар:

Құқықтық сана мәселелерін қарастыруды оның түсінігін, мәнін, құрылымын, функцияларын, түрлерін анықтаумен ашу қажет. Құқықтық сананың әртүрлі деңгейлерінің құқықтық шындықты түсінудегі ролі де айқындалады. Сондай-ақ, бұл тақырыпта құқықтық мәдениет мазмұны, элементтері, функциялары да қарастырылады. Құқықтық мәдениеттің құқықтық мемлекетті қалыптастырудағы, заң шығармашылық және құқыққолданушылық әрекеттегі маңызы көрсетілуге тиісті

Қолданылуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 1-18; 25-35; 40-43, 54,61,64,65,68-69,73,119, 160-168, 169-182.

Тақырып № 11. Қазіргі қоғамдағы құқықтық сана мәселелері

МӨЖ –2 сағат

Тапсырма:

Сөздікке келесі сөздердің анықтамасын жазыңыз:

1. Құқықтық сана, құқықтық мәдениет, құқықтық нигилизм, құқықтық тәрбие.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 ж. Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» конспектілеу.

Қолданылуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 1-18; 25-35; 40-43, 54,61,64,65,68-69,73,119, 160-168, 169-182.

Тақырып № 12. Құқық рәміздері.

Семинар — 1 сағат

Жоспар:

1. Құқық рәміздері: түсінігі, белгілері және атқаратын қызметі
2. Құқықтық мәдениеттегі құқық рәміздерінің түрлері

Қолданылуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 1-18; 25-35; 37, 160-168, 183-189.

Тақырып № 12. Құқық рәміздері.

Тәжірибелік сабақ — 1 сағат

Жоспар:

Сабақ жазбаша нысанда өтеді: кесте толтыру

Құқық рәміздерінің түрлері	Мазмұны	Мысал
фемида		
православа		
немезида		
дике		
копирайта белгісі		
копилефта белгісі		

Қолданылуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 1-18; 25-35; 37, 160-168, 183-189.

Тақырып № 12. Құқық рәміздері.

МОӨЖ – 2 сағат

Жоспар:

Сабақ «Интеллектуалды футбол» әдісіне сәйкес жүргізіледі.

Алдыңғы сабақта курсанттарға «Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының сыртқы саяси қызметі» тақырыбына дайындық міндеті қойылды.

Курсанттар екі командаға бөлінеді: рөлдер: қақпашылар, қорғаушылар және шабуылшылар. Ойын төрешісі таңдап алынады.

Ойын ережесі:

1. Разминка. 7-10 минут ішінде командалар ойынға дайындалады. Шабуылшылар сұрақтарды дайындайды (жақсырақ жазбаша түрде). Қорғаушылар тақырыпты қайталайды.

2. Жребі арқылы доппен бастайтын бірінші команда тандалады.

3. Арбитр ойыншыларға ойын ережелерін түсіндіреді.

4. Шабуылшы қорғаушыларды бір-бірден сұрақ қояды. Егер қорғаушылар сұраққа жауап бермесе, сұрақ қақпашыға беріледі. Егер голкипер допты қайтарса (сұраққа жауап берсе), онда гол болған жоқ. Керісінше, егер қақпашы допты ұрмаса (сұраққа жауап бермесе), онда гол соғылады.

5. Содан кейін басқа топ сұрақ қою үшін сол механизмді пайдаланады.

6. Төреші ережелердің сақталуын қадағалайды (сары, қызыл карточка, еркін соққыға құқығы бар және т.б.).

Ойынның негізгі төрешісі – оқытушы, тиісті шаралар қабылдауы мүмкін.

Ойын 40-50 минут ішінде өтеді.

Ойын аяқталғаннан кейін нәтиже жинақталады. Ойынға рефери мен бас төреші түсініктеме береді. Оқытушы бағалар қояды.

Қолданылуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 1-18; 25-35; 37, 160-168, 183-189.

Тақырып № 12. Құқық рәміздері.

МӨЖ – 2 сағат

Жоспар:

МӨЖ ауызша және жазбаша нысанда өтеді.

Тапсырма:

1. Құқық рәміздерінің түрлерін талқылау:

1. Фемида
2. Православа
3. Немезида
4. Дике
5. Копирайта белгісі
6. Копилефта белгісі

2. Талқылау және ұсынылған әдебиеттер негізінде құқық рәміздерінің белгілерін анықтау.

Қолданылуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 1-18; 25-35; 37, 160-168, 183-189.

Тақырып № 13. Құқықшығармашылығы және заң шығару

процесінің кезеңдері.

Дәріс – 1 сағат

Дәріс жоспар:

1. Құқықшығармашылық, оның түрлері және қағидалары.
2. Заңды техника, құқықшығармашылық қызмет үшін оның мәні.
3. Қазақстан Республикасындағы заң шығару процесі.

Тезис лекции:

Әрбір мемлекет қоғамдық қатынастарда құқық нормасында реттелетін, қамтамасыз етілетін, қорғалатын және сақталатын заңдылық және құқықшығармашылық көмегі арқылы анықталған тәртіп орнатады. Құқықтық аймақтағы шығармашылық – мемлекеттік еріктің заңға айналуын білдіретін мемлекеттік әрекет, құқық қалыптастыру үрдісінің соңғы, қорытындылаушы кезеңі.

Құқықшығармашылық - заңды актілерді жасау, жарыққа шығару не болмаса олардың заңды күшін жою, олардың алға қарай тиімділігін дамытуға бағытталған құқық қалыптастыру процесінің соңғы сатысы ретінде қоғамдағы объективті жағдаймен айқындалған мемлекет органдарының арнаулы қызметі. Оның белгілер:

- белсенді, шығармашылық, мемлекеттік әрекет болып табылады;
- нәтижесінде басым түрде нормативті-құқықтық актілерде орын алатын заңдық нормалар қалыптастырылады;
- қоғамды басқарудың маңызды құралы;
- құқық шығармашылық деңгейі мен мәдениеті қоғамдағы демократия мен өркениеттіліктің бейнесі болып табылады.

Құқықшығармашылыққа мынандай қағидалар тән: ғылымилық (нормативті актілерді дайындау барысында әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайларды зерттеу қажет); кәсібилік (арнаулы мамандар айналысуы керек); заңдылық (заңға сәйкес және заң негізінде орындалуы); демократизм (азаматтардың қатысу дәрежесін көрсетеді); жариялылық (қоғамның мәліметтік хабарлылығын көрсетеді).

Құқықшығармашылық күрделі әрекет болғандықтан біртектес болуы мүмкін емес. Сондықтан ол әр түрлі негіздер бойынша жіктеледі. Субъектілерінің сипатына байланысты былай бөлінеді:

1. Халықтың тікелей құқықшығармашылығы. Мемлекеттік және қоғамдық өмірдің маңызды мәселелері бойынша тікелей халықтық дауыс беру (референдум) жолымен заңдар қабылданады. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы тікелей халық еркімен қабылданған акт.

2. Мемлекеттік органдардың құқық шығармашылығы. Қазақстан Республикасында нормативті құқықтық актілерді қабылдау құқығына Қазақстан Республикасының Парламенті, Президенті, Үкіметі және өзге де мемлекеттік органдар ие.

3. Қоғамдық ұйымдардың құқықшығармашылығы немесе санкцияланған құқықшығармашылық. Мемлекет белгілі бір жағдайларда қоғамдық ұйымдардың актілерін немесе әдет-ғұрып нормаларын мемлекеттің рұқсат беру күшімен заңдастыруы мүмкін.

Құқықшығармашылық маңыздылығына байланысты заң шығару және заңға бағынышты актілерді шығару деп екі үлкен топқа жіктеледі. Заң қабылдау құқығына мемлекеттегі ең жоғарғы өкілді орган күзіретті болады және оның актілерінің жоғарғы заңдық күші танылады. Заңға бағынышты нормативті актілерді қабылдау Президентке, үкіметке, министрліктер мен ведомстволарға, мемлекеттік комитеттерге, мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына, кәсіпорын, мекеме, ұйым басшыларына берілетін құқық.

Заң актісі қалыптасушы қоғамдық қатынастарды тиімді реттеуді қамтамасыз ету үшін осы қатынастарға сәйкес болуы керек және әлеуметтік топтардың басым көпшілігінің мүдделерін қамтуы қажет. Қабылдану барысында заң шығару шаралары бұзылған акт белгілі бір мүдделердің бұзылуы қаупін тудыруына байланысты реттелуші қоғамдық қатынастардың тұрақтылығын қамтамасыз ете алмайды.

Заң шығару шаралары тиімділігінің басты шарты — бұл заң шығару процесі сатыларының дұрыс анықталуы. Егер заң шығару процесінің сатылары дұрыс анықталып, қабылданатын заң осы сатыларға сәйкес қаралатын болса, онда заңның тиімді түрде жүзеге асырылуы бойынша туындайтын көп талаптардың бірі орындалатыны айқын.

Қазақстан Республикасындағы барлық заңдар белгілі бір анықталған шаралар нәтижесінде қабылданады, яғни заң шығару процесі арқылы жүзеге асырылады.

Заң шығару процесі – бұл мемлекеттік биліктің жоғары органдарының заң шығару, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қызметін жүзеге асырудағы заңмен анықталған шаралар.

Заң шығару процесінің белгілі кезеңдері болады. Олардың әрқайсысы дербес мақсаттарға бағытталады және тұтастай ақырғы нәтижеге жетуге ықпал етеді.

Д. И. Златопольский заң шығару процесін келесі негізгі сатыларға бөледі:

а) заң шығару бастамасы; б) заң актісі жобасын қарау және қабылдау; в) оның күшіне енуі мен жариялануы.

А. Н. Сағындықова заңды қабылдау шараларының бірқатар сатыларға бөлінетінін, олардың орнын ауыстыруға болмайтынын және олар дәстүрлі түрде төрт сатының жиынтығы ретінде қарастырылатынын мәлімдей отырып, заң шығару процесінің келесі төрт сатысын келтіреді: а) заң шығару

бастамасы; б) заң жобасын талқылау; в) заңды бекіту (қабылдау); г) оның жариялануы мен күшіне енуі. Автор «бұл процесті бұдан әрі егжей-тегжейлі қарастыруға болады» — дей отырып, — оның сегіз кезеңін анықтайды. Ал, С. К. Амандыкованың пікірінше заң шығару процесі бес сатыдан тұрады, олар: а) заң шығару бастамасы; б) заң жобасын алдын ала қарау; в) заң жобасын Мәжіліс отырысында қарау; г) заң жобасының Сенатпен қаралуы; д) Президенттің қол қоюы мен заңның жариялануы.

Әрине, жоғарыда келтірілген пікірлердің барлығы дерлік заң шығару процесінің сатыларын белгілі бір деңгейде дұрыс анықтайды. Әйтсе де, қазіргі қос палаталы Парламенттегі заң шығару процесінің жүзеге асырылу ерекшеліктерін де ескерген жөн. Осы орайда, біз, С. К. Амандыкованың пікіріне қосыламыз. Себебі, заң жобасының Сенатпен қаралмайынша, заң болуы мүмкін емес, сонымен бірге заң жобасының Сенатпен қаралу сатысы жоба Сенат Палатасының қарсылықтарын туғызған жағдайда Мәжілістің Сенат қарсылықтарымен келісуі не келіспеуі барысында жүзеге асырылуы мүмкін шараларды қамтиды. Ал мұндай шаралардың заң шығару процесіндегі маңызы ерекше. Оны Парламент туралы Конституциялық заңның 18-бабы былай анықтайды: «Мәжіліс депутаттары қараған және жалпы санының көпшілік даусымен мақұлданған заң жобасы Сенатқа беріледі. Ол онда жобаны Сенат алған күннен бастап әрі кеткенде алпыс күннің ішінде қаралады». Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданған жоба заңға айналады және Президенттің қол қоюына беріледі. Тұтас алғанда Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданбаған жоба Мәжіліске қайтарылады. Егер Мәжіліс депутаттары жалпы санының үштен екісінің көпшілік даусымен жобаны қайтадан мақұлдаса, ол Сенатқа қайта талқылау және дауысқа салу үшін беріледі. Сенат қабылдамаған заң жобасын сол сессия барысында қайтадан енгізуге болмайды».

Сонымен, заң шығару процесі негізгі 5 сатыдан тұрады. Заң шығару процесінің дамуы, оның сатыларын анықтау Қазақстан Республикасындағы заң шығару қызметінің қалыптасуы үшін аса маңызды болып табылады.

Заң шығару процесінің ең негізгі, басты сатысы – заң шығару бастамасы.

Қазақстан Республикасының 1993-жылғы Конституциясының 61-бабында заң шығару бастамасы құқығы Жоғарғы Кеңес депутаттарына, Президентке, Жоғарғы Сот және Жоғарғы Төрелік Сотына берілген болатын, Қазақстан Республикасының әрекеттегі Конституциясы бойынша заң шығару бастамасы құқығы Республика Президентіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарына, Республика Үкіметіне беріледі және тек қана Мәжілісте жүзеге асырылады.

1995-жылғы Республика Конституциясы 1993-жылғы Конституцияға қарағанда заң шығару бастамасы құқығына ие субъектілер тобын біршама ықшамдады. Әрине, мұндай құқықтың Республика Президентіне (соңғы

өзгерістерге сәйкес), Республика Үкіметі мен Парламенті депутаттарына берілу қажеттігі күмән тудырмайтыны ақиқат. Дегенмен, осы субъектілер қатарын Республика Жоғарғы Соты және Бас Прокурорымен толықтыру қажеттілігі айқын.

Республика Конституциясының 4-бабы Республикада қолданылатын құқық Конституцияның, соған сай келетін заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелердің, Конституциялық Кеңес пен Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының нормалары болып табылатынын бекітеді. Ресей Федерациясы Конституциясының 110-бабына сәйкес Ресей Федерациясының Конституциялық Соты заң шығару бастамасы субъектілерінің бірі болып табылады. Осы Конституцияның 125-бабында Ресей Конституциялық Сотының біздің еліміздің Конституциялық Кеңесінің құзырындағы мәселелерге ұқсас мәселелерді, яғни федерациялық заңдардың, Ресей субъектілерінің Конституциялары мен өзге де нормативтік актілерінің Ресей Федерациясының Конституциясына сәйкестігі туралы мәселелерді шешетіні анықталған. Заңдардың Конституцияға сәйкестігін шешетін органға заң шығару бастамасы құқығы берілмеу керек. Себебі, Конституциялық Сот өзі бастамашылық жасаған заңға, оның Конституцияға сәйкестігін өзі тексеру барысында әділ шешім қабылдауы күдік тудыратын мәселе. Тіпте, әділ шешім қабылданғанның өзінде, өзі бастамашылық жасаған заңға, өзінің баға беруі құқықтық жағын айтпағанда, моральдық жағынан дұрыс әрекет болып табылмайды.

Мемлекетіміздің алғашқы Конституциясында сот билігінің тармағына енгізілген Конституциялық сот органы бекітіліп, оның мәртебесі Конституцияны қорғау және Республика заңдарының Конституцияға сәйкестігін қараумен анықталған болатын. 1995-жылғы Конституция Конституциялық Сот органын Конституциялық Кеңес органына айналдырып, оны сот билігі тармағынан шығаруына сәйкес дербес орган ретінде құрды. Алғашқы Конституция да, қазіргі әрекеттегі Конституция да аталған органдарға заң шығару бастамасы құқығын берген жоқ. Бұл Негізгі Заңымыздың елімізді демократиялық, құқықтық мемлекет ретінде орнықтыруды мақсат етудегі артықшылығының айғағы.

Ал, Жоғарғы Сотқа келер болсақ, оның нормативтік актілері нормаларының республикада қолданылатын құқық ретінде танылуымен бірге, ол өзінің конституциялық мәртебесіне сәйкес Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етеді.

Республика Жоғарғы Сотының нормативтік актілері нормаларының Қазақстан Республикасындағы қолданылатын құқық қатарына жатқызылуына, сонымен бірге Республикада қолданылатын құқық нормаларының іс жүзінде орындалуын қамтамасыз етуіне сәйкес, Жоғарғы Сотқа заң шығару бастамасы

құқығын берген орынды болар еді деп ойлаймыз. Республика Жоғарғы Соты өз қызметіндегі тәжірибесіне сүйене отырып, қоғамға қажетті тың ұсыныстар енгізері даусыз және осы мәселе Конституцияда бекітілген билік бөлу принципінің тепе-теңдік жүйесін де қамтиды.

Қолданылуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 1-18; 25-35; 40-49, 64, 80, 81-89, 93-105, 121-134, 160-168, 169-182.

Тақырып № 13. Құқықшығармашылығы және заң шығару процесінің кезеңдері.

Семинар — 1 сағат

Жоспар:

1. Құқықшығармашылық, оның түрлері және қағидалары.
2. Заңды техника, құқықшығармашылық қызмет үшін оның мәні.
3. Кесте толтыру

Нормативтік-құқықтық актінің атауы	Қазіргі редакциясы	Ұсынылып отырған редакция	Өзгеріске ұшырайтын өзге де НҚА

Әдістемелік ұсыныс:

Семинар сабағы барысында Қазақстан Республикасы Конституциясының 1У – бөлімі мен «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңды зерделеу нәтижесінде Парламент сессияларының өткізілу тәртібін, оның комитеттері мен комиссияларының құзыретін, Парламенттегі заң шығару процесінің қандай сатылар арқылы жүзеге асырылатынын анықтау қажет.

Қолданылуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 1-18; 25-35; 40-49, 64, 80,

81-89, 93-105, 121-134, 160-168, 169-182.

Тақырып № 13. Құқықшығармашылығы және заң шығару процесінің кезеңдері.

МОӨЖ-2 сағат

МОӨЖ сабағы ауызша нысанда өтеді:

Сабақ « Жоба қорғау» немесе «Мәжіліс моделі» (рөлдік ойын) форматы бойынша өтеді. 1. Сабақ мазмұны бойынша:

- 1) Магистранттар келесі топарға бөлінеді: Президент, Үкімет (Премьер-Министр, Қаржы министрлігі, ІІМ, т.б.), Парламент (Сенат және Мәжіліс), Мемлекеттік емес ұйымдар, Конституциялық кеңес.
 - 2) магистранттар семинар сабағында құрған кестелері бойынша сөз сөйлейді
 - 3) өзге қатысушылар тарапынан сұрақтар қойылады
 - 4) нақты жағдай бойынша (НҚА енгізіп отырған өзгерістеріне сәйкес) қаржыландыру мәселесіне қатысты жоба ұсынады
2. Ойын форматы бойынша:
- 1) Заң шығару бастамашылығы –Үкіметке тиесілі, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінде жүзеге асырылады
 - 2) Заң жобасын дайындау – Парламент Мәжілісі, Үкімет Мемлекеттік емес ұйымдардың қатысуымен
 - 3) Сенатта талқылануы
 - 4) Қазақстан Республикасы Президентіне қол қоюға жіберілуі
 - 5) НҚА күшіне енуі және жариялануы

Қолданылуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 1-18; 25-35; 40-49, 64, 80, 81-89, 93-105, 121-134, 160-168, 169-182.

Тақырып № 13. Құқықшығармашылығы және заң шығару процесінің кезеңдері.

Жоспар:

МӨЖ – 2 сағат

МӨЖ сабағы ауызша нысанда өтеді:

Магистранттар семинар және МОӨЖ сабақтарына дайындық барысында ұсынылып отырған әдебиеттермен толықтай танысуы қажет. Сонымен қатар өзгерістер мен толықтыруларға енгізуге ұсынылып отырған Заңмен танысуы қажет немесе өз тараптарынан жаңа Заң жобасын ұсынуға болады.

Қолданылуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 1-18; 25-35; 40-49, 64, 80, 81-89, 93-105, 121-134, 160-168, 169-182.

Тақырып № 14. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам.

Семинар — 1 сағат

Жоспар:

1. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам: ұғымы және қағидалары.
2. Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекет. Қазақстан Республикасындағы азаматтық қоғам.

Әдістемелік ұсыныс:

Бірінші сұрақ бойынша курсанттар құқықтық мемлекетті - адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының толық түрде қамтамасыз етілуіне және құқық бұзушылықтарды болдырмау мақсатында мемлекеттік билікті құқықпен мейлінше байланыстыруға жағдай жасаушы саяси билік ұйымы ретінде айқындау. Құқықтық мемлекетті қалыптастыру жолдары мен пробелмалары: мемлекеттік биліктің барлық жүйесі биліктердің бөліну принципіне сай құрылуы; сот реформасын жүргізу; адамның ең жоғары қазына ретіндегі құқықтары мен бостандықтары жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасау; мемлекеттің құқықтық жүйесін жетілдіру және дамыту; дамыған азаматтық қоғам құру; қоғамдағы құқықтық және саяси мәдениеттің деңгейін көтеру мәселелерін көрсету. Құқықтық мемлекеттің белгілері: құқықтың үстемдігі; биліктердің бөлінуі; тәуелсіз сот; адамның құқықтары мен бостандықтарын сақтау және қорғау; демократия маңызын анықтау.

Екінші сұрақ бойынша азаматтық қоғам - әлеуметтік, мәдени, рухани салалар тіршілігінің қамтамасыз етілу жүйесі, олардың өсіп-өніп ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуы, жекелеген индивидтер мен ұжымдардың мүдделері мен қажеттіліктерін жүзеге асыру, олардың дербес өсуіне жағдай жасауға арналған қоғамдық институттар мен қатынастар жүйесінде маңызын ашу керек. Азаматтық қоғамның элементтері: кәсіподақтар; саяси партиялар; қоғамдық бірлестіктер; бұқаралық ақпарат құралдары; шығармашылық ассоциялар; діни бірлестіктер; тәрбие саласы; білім саласы; ғылым және мәдениет саласы; жанұя. Азаматтық қоғамның белгілері: адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын барынша толық қамтамасыз ету; өзін-өзі басқару; оның құрылымдарының және адамдардың әртүрлі топтарының бәсекелестігі; еркін қалыптасатын қоғамдық пікірлер мен плюрализм; адамның ақпарат алу құқығының нақты іске асуы; көп салалы экономика; биліктің заңды және демократиялық сипаты; адамдардың лайықты өмір сүруін қамтамасыз ететін мемлекеттің күшті әлеуметтік саясатын анықтау.

Сонымен қатар азаматтық қоғамның қоғам мүдделердің өзара сәйкестігі негізінде құрылатынын, ал олардың орындалуы, жеке адамдардың өзара қарым-қатынастарына байланысты болуы, яғни, бірігіп жұмсаған күштің нәтижесінде, жеке адамның жете алмайтын мақсаттарына жетуге болатынын,

қоғамның мүдде-мақсатының дұрыс жақсы орындалуын қалыптастыратын, қоғамдық билік екендігін түсіндіру. Ал қоғамдық билікті реттеп-басқаратын қоғамның саяси жүйесі мемлекетпен бірігіп, қоғамның бағдарламасын, мүдде-мақсатын анықтап, оның бағыттарын, орындау механизмін белгілеп, міндетті нұсқау бұйрықтар беріп, іске асуын бақылап отыратынын тәжірибедегі мысалдармен келтіру. Қоғамның саяси жүйесі – бұл белгілі бір саяси функцияларды атқарушы мемлекеттік және мемлекеттік емес әлеуметтік институттардың жүйесі. Саяси жүйе сыртқы және ішкі саясаттың жүзеге асуын қамтамасыз етеді, әлеуметтік топтардың мүдделерін қалыптастырады, білдіреді және қорғайды. Оның сипаты, ең алдымен, осы саяси жүйенің пайда болған және қызмет ететін әлеуметтік ортасы арқылы анықталатынын білу абзал.

Қолданылуға ұснылатын әдебиеттер тізімі: 1-18; 25-35; 40-49, 64, 80, 81-89, 121-134, 160-168, 169-182.

Тақырып № 14. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам.

Тәжірибелік сабақ — 1 сағат

Сабақ «Интеллектуалды футбол» әдісіне сәйкес жүргізіледі.

Алдыңғы сабақта курсанттарға «Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының сыртқы саяси қызметі» тақырыбына дайындық міндеті қойылды.

Курсанттар екі командаға бөлінеді: рөлдер: қақпашылар, қорғаушылар және шабуылшылар. Ойын төрешісі таңдап алынады.

Ойын ережесі:

1. Разминка. 7-10 минут ішінде командалар ойынға дайындалады. Шабуылшылар сұрақтарды дайындайды (жақсырақ жазбаша түрде). Қорғаушылар тақырыпты қайталайды.

2. Жребі арқылы доппен бастайтын бірінші команда тандалады.

3. Арбитр ойыншыларға ойын ережелерін түсіндіреді.

4. Шабуылшы қорғаушыларды бір-бірден сұрақ қояды. Егер қорғаушылар сұраққа жауап бермесе, сұрақ қақпашыға беріледі. Егер голкипер допты қайтарса (сұраққа жауап берсе), онда гол болған жоқ. Керісінше, егер қақпашы допты ұрмаса (сұраққа жауап бермесе), онда гол соғылады.

5. Содан кейін басқа топ сұрақ қою үшін сол механизмді пайдаланады.

6. Төреші ережелердің сақталуын қадағалайды (сары, қызыл карточка, еркін соққыға құқығы бар және т.б.).

Ойынның негізгі төрешісі – оқытушы, тиісті шаралар қабылдауы мүмкін.

Ойын 40-50 минут ішінде өтеді.

Ойын аяқталғаннан кейін нәтиже жинақталады. Ойынға рефери мен бас төреші түсініктеме береді. Оқытушы бағалар қояды

Қолданылуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 1-18; 25-35; 40-49, 64, 80, 81-89, 121-134, 160-168, 169-182.

Тақырып № 14. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам.

МОӨЖ – 2 сағат

Жоспар:

1. Құқықтық мемлекет түсінігі және қағидалары.
2. Азаматтық қоғамның ұғымы және құрылымы.
3. Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекет.

Тапсырма:

1. Семинар сұрақтары бойынша лекциялық материалдарды, оқулықтарды және өзге әдебиеттерді пайдалана отырып дайындалу.

2. Қазақстан Республикасының «Саяси партиялар туралы», «Қоғамдық бірлестіктер» «Қазақстан Республикасы жергілікті өзін-өзі басқару органдары туралы» заңдарды конспектілеу.

Қолданылуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 1-18; 25-35; 40-49, 64, 80, 81-89, 121-134, 160-168, 169-182.

Тақырып № 14. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам.

МӨЖ – 2 сағат

МӨЖ өткізу нысаны: ауызша

Тапсырма:

1. Мына тақырыптар бойынша рефераттар жазу:

- Құқықтық мемлекеттің тарихи аспектілері
- Азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет
- Құқықтық мемлекеттің негізгі қағидалары
- Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекет қалыптастырудың теориясы мен тәжірибесі.

Әдістемелік ұсыныс:

Бірінші және үшінші реферат тақырыптары аясында, Магистранттар құқықтық мемлекетті адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының толық түрде қамтамасыз етілуіне және құқық бұзушылықтарды болдырмау мақсатында мемлекеттік билікті құқықпен мейлінше байланыстыруға жағдай жасаушы саяси билік ұйымы ретінде айқындау. Құқықтық мемлекетті қалыптастыру жолдары мен пробелмалары: мемлекеттік биліктің барлық жүйесі биліктердің бөліну принципіне сай құрылуы; сот реформасын жүргізу; адамның ең жоғары қазына ретіндегі құқықтары мен бостандықтары жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасау; мемлекеттің құқықтық жүйесін жетілдіру және дамыту; дамыған азаматтық қоғам құру; қоғамдағы құқықтық және саяси мәдениеттің деңгейін көтеру мәселелерін көрсету. Құқықтық мемлекеттің белгілері: құқықтың үстемдігі; биліктердің бөлінуі; тәуелсіз сот; адамның құқықтары мен бостандықтарын сақтау және қорғау; демократия маңызын анықтау.

Екінші тақырып бойынша магистранттар азаматтық қоғамды әлеуметтік, мәдени, рухани салалар тіршілігінің қамтамасыз етілу жүйесі, олардың өсіп-өніп ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуы, жекелеген индивидтер мен ұжымдардың мүдделері мен қажеттіліктерін жүзеге асыру, олардың дербес өсуіне жағдай жасауға арналған қоғамдық институттар мен қатынастар жүйесінде маңызын ашу керек. Азаматтық қоғамның элементтері: кәсіподақтар; саяси партиялар; қоғамдық бірлестіктер; бұқаралық ақпарат құралдары; шығармашылық ассоциялар; діни бірлестіктер; тәрбие саласы; білім саласы; ғылым және мәдениет саласы; жанұя. Азаматтық қоғамның белгілері: адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын барынша толық қамтамасыз ету; өзін-өзі басқару; оның құрылымдарының және адамдардың әртүрлі топтарының бәсекелестігі; еркін қалыптасатын қоғамдық пікірлер мен плюрализм; адамның ақпарат алу құқығының нақты іске асуы; көп салалы экономика; биліктің заңды және демократиялық сипаты; адамдардың лайықты өмір сүруін қамтамасыз ететін мемлекеттің күшті әлеуметтік саясатын анықтау.

Төртінші сұрақты зерделеу барысында Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамның даму процесі мемлекеттің дамуына және оның ролінің артуына жағдай туғызу жөнінде ел басшының әр жылдардағы халыққа жолдауларынан қарау керек.

Қолданылуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 1-18; 25-35; 40-49, 64, 80, 81-89, 121-134, 160-168, 169-182.

Тақырып № 15. Адам құқықтары генезисі.

Дәріс – 1 сағат

Дәріс жоспары:

1. Адам құқықтары генезисі
2. Адам құқықтыры мен бостандықтарын қорғау және қамтамасыз ету саласындағы халқаралық және ұлттық институттар.

Дәріс тезисі:

Бірінші сұрақ. Адам құқықтары теориясының қалыптасуы ұзақ тарихқа ие. Адам құқықтарының идеясы көне кезде пайда болған. Бұл ұғымның қалыптасуы жалпыазаматтық гуманитарлық философиялық және құқықтық ойдың табиғи эволюциясымен әзірленді.

Б.э.д. V-IV Афинада билік үшін күрес нәтижесінде өз уақытына сәйкес демократиялық режим орнатылған. Осы кезеңдегі адам құқықтарының орнығу қайнар көзі ежелгі грек философтарының идеяларында кездеседі: Сократ, Платон, Аристотель еңбектерінде құқықты сақтау және қамтамасыз ету мәселелері қарастырылған.

